

Кеншілер мүддесі басты назарда
2-бет



Сәбидің саусағы
5-бет (Әңгіме)



Сәкен тауы мен бұлағы
6-бет



ОРТАЛЫҚ ҚАЗАҚСТАН

1931 жылдың 4 қазанынан бастап шығады

ҚАЗДАУЫСТЫ ҚАЗЫБЕК БИ: СӨЗДІҢ АТАСЫ – БІРЛІК, АНАСЫ – ШЫНДЫҚ
Қ А Р А Ф А Н Д Ы О Б Л Ы С Т Ы Қ Қ О Ф А М Д Ы Қ - С А Я С И Г А З Е Т І

www.ortalyq.kz

www.instagram.com/ortalyq.kz/

СЕЙСЕНБІ, 13 АҚПАН, 2024 ЖЫЛ №18 (23 340)

www.facebook.com/ortalyq.kz/ info@ortalyq.kz

ҚОРШАҒАН ОРТА

Ауаны ластағандар айыппұлмен құтылмайды

Қазақстандық өндірістегі алпауыт ошақтар атмосфераға таралатын зиянды шығарындыларды өткен жылы 3 пайызға кемітіп үлгерсе, су қоймаларына ағатын зиянды төгінділерді сегіз пайызға азайтты. Экология және табиғи ресурстар министрлігі өткен жылдың қорытындысын жариялады. Көрсеткіштер көңіл қоңштық түр. Бұған миллиардтаған айыппұлдарды қосыңыз. Кәсіпорындардағы тәуелсіз экологтар бір жарым мыңнан астам заң бұзушылықты анықтаған.

мүмкіндік береді. Соңғы жылдары экологиялық апаттар 15%-ға қысқарды, бұл аймақтағы экологиялық стандарттардың жақсаруымен байланысты. Облыстық эко-

Ерканат КЕҢЕСБЕКҮЛЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Айыппұл арқаалаған өңірлер арасында Шығыс Қазақстан облысы көш бастап тұр. Жергілікті өнеркәсіп өкілдері өткен жылы 2,5 млрд. теңгелік айыппұл төлеген. 64 өндірісті кәсіпорын қоршаған ортаға зиян тигізгерлік I санатқа жатқызылған. Оның ішінде «Казцинк» пен өскемендік жылу электр орталығы сап басында. Қос ошақ жылына 40 мың тонна зиянды қалдық шығарады. Зиянды қалдық көлемі тек алты пайызға ғана кеміген. Алайда, тәуелсіз сарапшылар бұл сан көңілге медеу болмайды деп тұжырады сөзін. Көлік, жеке сектор әдетте бұл бағанға енбей жатады. Оның үстіне, қала аумағындағы құрылыс та тым қарқынды. Қалада көмір тұтыну көрсеткіші де жоғарылағандықтан, кеміген емес. Әр жылу маусымында әуені күл аралас қара тұман бүркеп алатынын тұрғындар кейіспен растайды.

Бұл арада коммуналдық қалдықтарды басқару саласындағы инфрақұрылымды дамыту мәселесі қылаңытады. Экология және табиғи ресурстар министрлігінің өкілдері жыл сайын Қазақстанда 4,5 млн. тоннаға жуық коммуналдық қалдықтар түзілетінін, олардың басым бөлігі барлық жерде бөлек жинаудың болмауына, қалдықтарды сұрыптау және қайта өңдеу жөніндегі қуат көздерінің жеткіліксіздігіне байланысты ерікті-еріксіз полигондарда көмілетінін атап өтті.

Осыған байланысты, қазіргі уақытта шағын және шалғай елді мекендерде түрлі қалдықтарды орналастырудың қолданыстағы орындарын (КТҚ полигондары) ресімдеу тетігі пысықталуда. Атап айтқанда, оларға қойылатын міндетті ең төменгі экологиялық, санитарлық-эпидемиологиялық және құрылыс талаптары (қоршау, салмақ өлшеу жабықтары, су мен санитарлық қорғау аймақтары, дозиметриялық бақылау, дезинфекциялық ванна және т.б.) кеңінен талқылануда, – деп хабарлады спикерлер.

Бұдан басқа, жергілікті атқарушы органдар экологиялық заңнаманы талаптарына сәйкес, коммуналдық қалдықтарды басқару жөніндегі бағдарламаларды әзірлейді. Бұл бағдарлама, сонымен қатар, жүйелі негізде инвесторларды тартуға мүмкіндік беретін болады.

Бұдан әрі Министр іс-шараға қатысушыларды «EcoQolday» автоматтандырылған жүйесінің іске қосылуы туралы хабарлар етті, ал бұл туралы «Жасыл даму» АҚ Басқарма төрағасы Е.Сәрсен-



бай толығырақ айтып берді. Атап айтқанда, ол «EcoQolday-дың» мақсаты өндірушілердің кеңейтілген міндеттемелеріне жататын қалдықтарды жинаумен, тасымалдаумен және қайта өңдеумен айналысатын кәсіпорындарды қолдау екенін атап өтті. Бұл механизм қалдықтарды басқару саласындағы бизнес-процестерді жеңілдетіп, елдегі экологиялық жағдайға оң әсер етеді.

Екінші орында – Батыс Қазақстан облысы. 164 млн. теңгелік айыппұлға мұнай-газ компаниясы тап келді. Өндіріс ошағы жылдық лимитті 48 тонналық зиянды қалдық шығарып, заңнаманы өрескел бұзған. Мұны жоғардан тыс тексеріс амалы айғақтады. Бұдан бөлек аталған компанияның екінші 50 млн. теңге айыппұл күтіп тұр. Қазіргі кезде сот үдерісі жүргізілуде.

Үштікке енген Қарағанды облысы керісінше зиянды қалдық мөлшерін едәуір кемітуге әрекет жасаған. Qatmet пен Балқаш мыс балқыту зауыты былтыр 54 тонналық зиянды шығарынды көлемін кеміткен. Облыс бойынша экология департаментінің өкілдері ұсынған мәліметтерге сәйкес, 2023 жылға өңірдегі өндіріс

ошақтары қоршаған ортаны қорғау шараларына жалпы сомасы 4 млрд. теңгені сарп еткен.

Әлбетте, бұл орайда мемлекеттік бақылау органдары қағаберіс қалмайды. Көбіне осындай тексеріс шараларының арқасында қоршаған ортаны қорғау миссиялап болсын іске асып жатады. Мәселен, Qatmet-тің бір өзі ғана былтыр 104 млн. теңгелік айыппұл төледі. «Қазқазмыс» корпорациясы 6,3 млн. теңгелік айыппұл арқалады. Біздің өңір зиянды эмиссияны төмендетуде әжептәуір табысқа жетуде десек, қателеспейміз. Бұл төмендеу барлық тараптан әсте-әсте іске асуда, – дейді облыс бойынша экология департамент басшысы Дархан Исжанов.

Былыр экологтар республика бойынша 600-ге тарта тексеріс амалын жүргізген. Компаниялар болса, 323 млрд. теңгелік айыппұл төлеген. Салалық министрлік өкілдерінің хабарлауынша, жыл соңына дейін отандық 90 өндіріс ошағына автоматтандырылған бақылау жүйелері орнатылады. Жүйе көмегімен табиғатты пайдаланушылардың қоршаған ортаға әсерін онлайн режимінде бақылауға тың

Ән қанатындағы Қарағанды

Арқаның акбоз үйі атанған Кеншілер мәдениет сарайының қасиетті сахнасында «Қазыналы өлке – Қарағанды» атты гала-концерті өтті. Көпшіліктің көңілін серпілткен мәдени шара Қарағанды қаласының 90 жылдық мерейтойына арналды. Нұрлан Өнербаев, Ерлан Көкеев, Марат Бекішев, Мәди Сыздықов сынды өнер майталмандары да кештің көркін қыздырды. Екі сағатқа созылған кеш қара орман халыққа естен кетпес әсер сыйлады.

Ерканат КЕҢЕСБЕКҮЛЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Кеншілер астанасының тағылымды тарихы мен бай мәдени мұрасына арналған көркем кеш қала әкімдігінің, жергілікті өнер ұжымдары мен өртістердің жан-жақты қолдауымен ұйымдастырылып, өнер нелері мен зиялы қауымға, қала жұртшылығына ерек мерекелік көңіл күй сыйлады.

Концерт бағдарламасы ұсынылған жан әралуандылығымен, тартымдылығымен, сапасымен таңырқатты. Жүргізушілер Айтжан Мусин, Мейрамгүл Кәріпжанова, Гүлнұр Жәкен және Аян Аманбаев көрермендерін қуаныш пен шаттық әлеміне енгізгендей, шоу форматында шараны шебер тізгіндеді.

Орындаушылар қатарында көнігі, кәсіби өртістер де, жас таланттар да бір сапта болды. Олар көзайым жұртшылыққа вокалдық композициялардан бастап, түрлі би



қойылымдарына дейінгі әртүрлі номерлер ұсынды. «Жас толқын» балалар ұжымы, «Қаусар» вокалдық дуэті мен Әсел Қарабаеваның вокалдық студиясын ерекше атап өткен жөн.

Нас шеберлік пен терең түсінікпен



орындалған классикалық шығармалар да залдағы жанды бейжай қалдырмады. Көрермендер «Қарағанды вальсі», «Қарағандым», «Таңғы қала» атты әндерінің қайырмасы сағынған тыңдарманының мейірін қандырды.

«Қазыналы өлке – Қарағанды» гала-концерті әр көрерменіне көл-көсір қуаныш пен шалқар шабыт сыйлап қана қоймай, тарихи катпары аймақтың мәдени өміріндегі естен кетпес жарқын оқиғаға айналды. Көркем шығармашылықтың жан тербетер әсемдігі, сан қилы реңкі бұқара жұртына ғанибет алуға, сондай-ақ, туған қаланың мәдени қазынасына, шексіз рухани байлығына тағы бір мәрте көз жеткізуге, өзіндік ой тұжырына тың мүмкіндік ұсынды. Шара соны қала күніне арналған лазерлік шоуға ұласты. Еске салып өтелік, жыл соңына дейін осы сынды түрлі форматтағы жүзге тарта мерекелік шара өтеді.

Сурет ұйымдастырушылардікі

СҮЙІНШІ!

Қарағандыда дүниеге үшем келді

Қарағанды қаласы, Әлихан Бөкейхан ауданындағы облыстық клиникалық аурухананың №2 перинаталдық орталығында үшем дүниеге келді. Жаңа туған екі ұл мен қыз жақында анасымен бірге орталықтан шығады.

Аида РАХЫМҚҰЛОВА,
«Ortalyq Qazaqstan»

Қарағандылық Тілек Аяғанованың бұл – екінші босануы. Ол осылайша, көпбалалы ана атанып отыр. Жас ана екінші ультрадыбыстық зерттеуде бір өзгерістің бары туралы білсе де, үшем болатынына сенбеген.

Әлі күнге дейін сене алар емеспін. Отағасы бізді әлі көрген жоқ. Бірақ, күн сайын қонырау шалып, жағдайымызды сұрайды. Не ұл, не қыз деп ойлағанбыз. Ал, үлкен қызымыз төрт жаста. Есімі – Айым. Енді оның екі бауыры мен бір сіңлісі бар. Медицина қызметкерлеріне, Жарқын Сыздыққызына, Меруерт Рахметолақызына шексіз алғыс айтамын. Дәл осы ауруханаға түскеніме өте қуаныштымын, маған мұнда жақсы қарады, – дейді үшемнің анасы Тілек Аяғанова.

Бірінші болып ұлдар дүниеге келген. Олар – 2190 грамм, бойы 45 см және 1850 грамм, 43 см болып дүние есігін ашқан. Одан соң 2050 грамм қыз дүниеге келді. Үшемнің есімдерін Дінмұхамед, Дініслам және Айша деп қойған.

Үшемнің анасы перинаталдық орталыққа босанар алдында жатқызылған болатын. Үшемдерде кесар тілігі арқылы босанатыны алдын ала жоспарланған. Анасы бұл жайлы білді және оң көзқараста болды. Үшемнің анасы өзін жақсы сезінуде, жақын арада үйге шығарылады. Балалар анасымен бір палатада. Жақсы салмақ қосып, ата-аналарын қуантады, – дейді №2 перинаталдық орталығының басшысы Жарқын Нұрқеева.

ОҚУ ОРЫНДАРЫНДА

Жас ғалымға – жайлы қоныс

Е.Бөкетов атындағы Қарағанды университетінің 13 жас ғалымы «Жас ғалым» бағдарламасы бойынша пәтер иесі атанды.

Аялым СОВЕТ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Жеңілдетілген несие алған әрбір ғалым белсенді ғылыми жұмыстармен айналысады. Мәселен, бейорганикалық және техникалық химия кафедрасының доценті Нұрғали Жәнікұлов стоматологияға қажетті мырыш-фосфатты цементтерді зерттейді. Ал, археология, этнология және ұлттық тарих кафедрасының аға оқытушысы Мәкен Әділ археологиялық қазбалар мен материалдарды үстелде өңдеу жұмыстарын жүргізеді. «Жас ғалым» бағдарламасы аясындағы пәтердің тағы бір иесі Конституциялық және халықаралық құқық кафедрасының доценті – Алмаз Жексекин. Көптен бері үй сатып алғысы келген ғалым, бағдарлама аясында арманы орындалғанына қуанышты.

Өткен жылы баспана іздедім, бірақ, әлі оған қолым жетпейтінін түсіндім. «Жас ғалым» бағдарламасы жайлы естіп, қатысуға бірден шешім қабылдадым. Құжаттар жинадым. Бағдарлама арқасында жаңа ғимараттан үш бөлмелі пәтер сатып алдым. Қазір жөндеу жұмыстарын жүргізудеміз, жақын арада қоныстойын тойлаймыз, – дейді Алмаз Жексекин.

Айта кеткен жөн, «Жас ғалым» бағдарламасы бойынша баспананы ғылыми ұйымдар мен жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарының 40 жасқа дейінгі жас ғалымдары сатып ала алады. Ол үшін үміткерде кемінде магистр дәрежесіне сай үш жылғы ғылыми жұмыс тәжірибесі болуы тиіс. Жеңілдікті ипотека бойынша бастапқы жарна 10%, ал, жылдық несие мөлшері 5%-ды құрайды. Бағдарлама 2027 жылға дейін жұмыс істейді.

ВАЛЮТАЛАРДЫҢ РЕСМИ БАҒАМДАРЫ:

•EUR/KZT 481.30

•USD/KZT 447.10

•RUB/KZT 4.92

•CNY/KZT 62.16

Қазақстан Ұлттық Банкінің 12 ақпан, 2024 жылғы дерегі бойынша



• ҚҰҚЫҚ

Құқықтық кабинеттер ашылады

Әлеуметтік және экономикалық тұрғыда даму үшін алдымен заң үстемдігі орнауы тиіс. Ал, ол үшін кез келген адамның құқықтық тұрғыдан сауатты болуы маңызды. Осы мақсатта өңірдің ауылдық әкімдіктерінде құқықтық кабинеттер ашылатын болды. Жоба облыстық әкімдікте Әділет департаменті жанындағы заң қызметтерін үйлестіру кенесінің отырысында ұсынылды.

Салтанат ПИЯШ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Тұрғындардың заңнамадағы жаңалықтарды уақытылы біліп отыруы үшін арнайы ашылатын заң кабинеттерін әкімдіктер ұйымдастырады. Атап айтқанда, «Заң/Заң» дерекқорына қол жеткізе отырып, компьютері бар жұмыс орын ұйымдастыру қажет.



Ауыл тұрғындары әкімдікке келіп, базаны пайдалана алады. Жүйеде нақты іздеу бар. Өз мәселесін шешу үшін қажетті заңнамалық немесе нормативтік актіні оңай табуға болады, – деді облыстың Әділет департаментінің нормативтік-құқықтық актілерді тіркеу бөлімінің басшысы Жетті Әбділманова.

Сондай-ақ, мемлекеттік қыз-

метшілерді арнайы оқудан өткізу де жоспарда. Яғни, олар «Заң/Заң» дерекқорын қалай пайдалану керектігін оқиды.

Кездесуде сондай-ақ, жергілікті мемлекеттік органдардың 2023 жылғы нормативтік-құқықтық актілері мониторингінің нәтижелері талқыланды. Әділет министрінің бұйрығымен бекітілген ережелерге сәйкес, құқықтық мониторинг тұрақты негізде жүргізіледі.

Жылына бір рет әділет органдары мемлекеттік органдармен бірлесіп мониторинг нәтижелерін қарайды. Мақсаты – анықталған кемшіліктерді жою бойынша ұсыныстар әзірлеу, – деді Қарағанды облысы Әділет департаменті басшысының орынбасары Аяғөз Шалдыбаева.

Суретті түсірген
Жангелді ӘБДІҒАЛЫМ

• COVID-19

Бетперде тағу міндетті ме?

Облыстық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау департаментінің дерегіне, жыл басынан бері коронавирус жұқтырған 36 жағдай тіркелген. Қаңтарда – 19, ақпанның он күнінде – 17 жағдай анықталды. Департамент мамандарының айтуынша, өткен аптада КВИ жұқтырғандар тіркелмеді.

Жансая ОМАРБЕК,
«Ortalyq Qazaqstan»

Дегенмен, коронавирус ауа арқылы таралатын болғандықтан, оның таралуын алдын алу үшін Бас мемлекеттік санитариялық дәрігер көпшілік жерде маска тағуы жөнінде ұсынды.

Мұндай ұсыныс тек коронавирусқа ғана қатысты емес, – дейді санитариялық-эпидемиологиялық бақылау департаменті басшысының орынбасары Гүлжан Байғұтанова. – Қызылша, тұмау мен басқа да жіті респираторлық вирустық инфекциялардың барлығы ауа тамшылары арқылы жұғады. Сондықтан, біз әркім өзі сақтанып жүруі үшін бетперде

тағуға кеңес береміз. Дегенмен, бұл міндеттеу емес.

Бытыр жыл басында коронавирус пандемиясының әлі де кәріне мініп тұрған шағында, қаңтарда 269 жағдай тіркеліпті. Яғни, бытырғы жылмен салыстырғанда ауру жұқтыру 15 есеге дейін төмендеген.

Құжатқа сәйкес, әуежайлар, теміржол вокзалдары, автовокзалдар, базарлар, сауда, ойын-сауық орталықтары, сауда үйлері, театрлар, кинотеатрлар, халыққа қызмет көрсету орталықтары, банктер және басқа көпшілік шоғарланған жерлерде маска таққан абзал. Бұдан бөлек, медициналық ұйымдарда қызметкерлер мен науқастардың маска пайдалануы қажет.

• ӨНДІРІС

Кеншілер мүддесі басты назарда

Облыс әкімі Ермағанбет Бөлекпаев шахтерлердің, кәсіподақ ұйымдары мен кәсіпорындары өкілдерінің қатысуымен кезекті іскерлік жиынын өткізді. Qazmet компаниясының басшылары кеншілердің сауалдарына жауап берді.

Ерқанат КЕҢЕСБЕКҰЛЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Арнаулы комиссия екі жылдан астам жемісті қызмет етіп келеді. Бұл бағыттағы қыруар жұмысты өзара келісім мен жанды диалог аясында жалғастырумыздың мәні зор. Облыс басшылығы әрдайым тау-кен мәселелерінің бірін де қалт жібермей бақылауда ұстайтынын білеміз. Осындай форматта «Qazmet» АҚ басшыларының, кәсіподақтардың және барлық шахталар өкілдерінің қатысуымен өтіп жатқан бұл алғашқы кездесу. Біз компания басшылығының көмір департаментінің кәсіпорындарына барып, өндіріс тынысымен танысып, жұмыс орындарындағы қызметкерлермен кездесіп жүргенін көріп отырмыз, – деді «Қорғау» көмір өндірушілер кәсіподағының басшысы Евгений Булаев өз сөзінде. Ол, ең алдымен, еңбек қауіпсіздігін қамтамасыз етуге, көмір кәсіпорындарының жұмыс әлеуетіне қатысты бірқатар мәселелерді де алға тартты.

Ал, көмір департаментінің директоры Жақан Мұхамеджанов



алдағы кезеңге көзделген жоспарлар мен болашаққа бағытталған стратегиялар тұрастында кеңірек баяндады. Оның сөзінше, 2024 жылға арналған көмір өндіру жоспары былтырғы көлем деңгейінде қалып отыр. Нақты жеке – 6 млн. тонна, ал ұлғайма ұлғайды. Спикер, сондай-ақ, компания позициялау жүйесінің бес жиынтығын сатып алатынын да хабарлады. Ленин атындағы шахтадан бастау алатын жана технологияны

енгізу барлық шахталарда қатар жүзеге асырылады.

– Біз жұмысшылар үшін барынша қауіпсіз орта құра отырып, көмір өндіру басталғанға дейін

жалғасады.

– Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев Үкіметтің кеңейтілген отырысында Qazmet компаниясының

шахталарды алдын ала газсыздандыру бойынша аралас салалардың тәжірибесін зерттеу үстіндеміз. Бұл – қатардағы тәжірибелік әзірлемелер емес, көршілес салалардың тәжірибесін бейімдеу, – деді Жақан Мұхамеджанов.

Жиын барысында қызметкерлерді сауықтыру, арнайы әлеуметтік төлемді рәсімдеу мәселелері қоса қаралды. Қуантарлығы, биыл кеншілер мен металлургия үшін жеңілдікті ипотека бағдарламасы

қызметіне ерекше назар аударды. Мемлекет басшысы кәсіпорынның алдында тұрған нақты жоспарлар мен міндеттерді қадап айтты. Бұл үшін Қазақстан Республикасының Үкіметі де, Қарағанды облысының әкімдігі де бар күш-жігерін салуда. Бірақ, үлкен жауапкершілік, әрине, жаңа меншік несі мен барлық қызметкерлерге жүктеледі, – деп атап өтті облыс әкімі.

Суретті түсірген
Жангелді ӘБДІҒАЛЫМ

• «КӨКТЕМ-2024»

Дайындық пысықталды

Приозерск қаласында «Көктем-2024» республикалық командалық-штабтық оқу-жаттығу жиыны өтті. Көктемгі су тасқыны немесе су жайылу қаупі туындаған кезде халықтың қауіпсіз тіршілігін қамтамасыз ету мәселесі оқу-жаттығудың күн тәртібінде тұрды.

Нұрдос КӘРІМ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Азаматтық қорғау мемлекеттік жүйесін ұйымдастыруды жетілдіру, сондай-ақ басқару органдарын, күштер мен құралдарды даярлау мақсатында өткен жиынға Приозерск қаласының әкімі Мансұр Ахметов қатысып, азаматтық қорғаныс және төтенше жағдай-

лар жөніндегі қызметінің дайындығын қарап шықты.

Ең алдымен, қала басшысы көктем кезіндегі төтенше жағдайларды жою жөніндегі іс-әрекеттер, атап айтқанда көшіру іс-шараларын, ішкі істер органдарымен өзара әрекеттесу жоспарларын нақтылады. Сондай-ақ, барлық деңгейдегі авариялық-құтқару, диспетчерлік және болжау қыз-



меттерінің жұмысын, жедел кезекшілік пен басқаруды ұйымдастыру, хабарлау және байланыс жүйесінің дайындығын тексерді. Атап айтқанда, №1 қазандықтағы апатты жою бойынша практикалық жаттығуды сонымен қатар, көл бетіндегі төтенше жағдайдың алдын алу жұмыстарын көрді.

Төтенше жағдайлар аймағында және автокөлік коммуникацияларында адам өліміне жол бермеу бойынша құрылымдардың іс-әрекеттері, апат аймағынан адамдарды іздеу, оларды уақытша орналастыру аймақтарына көшіру, зардап шеккендерге алғашқы медициналық көмек көрсету сияқты мәселелер де оқу-жаттығу барысында пысықталды.

Құтқарушылардың айтуынша, өзеннің әрі су айдынының маңында тұратындар көктемгі су тасқы-

нынан сақтануы тиіс. Қыста үстінде жаяу жүргіншілер өткелдерін қолдануға дағдыланғандар қауіпті ұмытады. Көктемде өзен, көл бетіндегі мұзбен жүріп өту оңай емес. Оған қоса, тексерілмеген мұзбен жүру екі есе қауіп төндіреді. Өзен ағыны тік жағаларды қатты шайып кететіндіктен, жағалауларды бұзып өтуі оңай.

Сондай-ақ, су тасқыны кезінде жазатайым оқиғаларға балалар жиі ұшырайды. Олқылық орын алмас үшін балаларға су тасқыны кезіндегі қауіпсіздік ережелерін түсіндіріп, маңында ойнауға тыйым салу қажет. Тактай, бөрене немесе жүзіп жүрген сен үстіне шығып ойнауға рұқсат бермеген жөн. Өзендегі бөлінген мұз қауіп төндіреді.

ПРИОЗЕРСК
Суреттерді түсірген автор

Алғашқы көмек ауылда көрсетіледі

Шет ауданында үш бірдей медициналық нысан ел игілігіне пайдалануға берілді. Атап айтқанда, «Ауылдық денсаулық сақтауды жаңғырту» ұлттық жобасы аясында ауданға қарасты Бұрма, Жұмыскер, Көктіңкөлі ауылдарында жаңа амбулаториялар ауыл халқына есігін айқара ашты.

Нұрдос КӘРІМ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Бұрма ауылындағы дәрігерлік амбулаториясының ашылу салтанатына қатысқан аудан әкімі Мұхит Мұхтаров, ақ халатты абзал жандардың қуанышына ортақтасып, құттықтау сөзін жеткізді.

– Президентіміз Қасым-Жомарт Тоқаевтың бастамасымен қолға алынған «Ауылдық денсаулық сақтауды жаңғырту» ұлттық жобасы аясында елді мекендерде жаңа нысандар салынуда. Бүгінгіңіз өзіне ауданымызға қарасты үш ауылда дәрігерлік амбулатория ел игілігіне табысталды. Бұл – Мемлекет басшысы мен Үкіметтің қолдауы, халықтың бекем бірлігі арқасында атқарылған жұмыстың жемісі. Мұндай медициналық нысандар өз кезегінде орталыққа қатынап,



уақыт жоғалтпай, көпшілікке тұрғылықты жерде ем қабылдауға мүмкіндік жасайды. «Дені сау ұрпақ – ұлт болашағы» дейді дана халқымыз. Біз үшін ең бастысы, адамның



Президент тапсырмасын орындай отырып...

өмірі мен денсаулығы. Осы мақсатта үлкен жауапкершілік жүктеліп отырған денсаулық саласы қызметкерлерінің еңбегіне табыс тілеймін, – деді аудан басшысы Мұхит Мұхтаров.

Осыдан кейін аудан басшысы ғимараттың ішін көріп, дәрігерлермен кездесті. Ауыл тұрғындары көптен бері күткен бұл қуанышқа мұрындық болған облыс, аудан басшылығына ризашылығын білдірді. Кездесу барысында шалғайдағы елді мекен тұрғындарына ел Президентінің, Үкіметтің қолдауымен жыл көлемінде атқарылған жұмыстар, алдағы жоспарлар туралы айтып,

жұртшылықтың ұсыныс-пікірлерін тыңдады. Дәрігерлік амбулатория заманауи дәрігерлік құрал-жабдықтармен жабдықталғандығы ел көңілінен шықты. Жаңа медициналық амбулаторияда жылыту, электр және су жүйелері орталықтандырылған. Онда күндізгі стационар, екпе бөлмесі, отбасылық дәрігерлер, медбикелік қабылдаулар, оңалту, физиотерапиялық кабинет, сондай-ақ, әлеуметтік қызметкер мен психолог қызмет көрсетеді.

Айта кетейік, соңғы жылдары аудан бойынша медициналық қызмет көрсету сапасы жақсарып келеді. Бұл жыл сайын медицина жүйесінің жаңартылып, жаңа жабдықтар мен қызмет түрлерінің толығымен байланысты. Биылғы жылы дәл осындай медицина ғимараттары Шет ауданының 7 елді мекенінде салынып, ел игілігіне беріліп отыр. Сонымен қатар, алдағы жылы 14 елді мекенге дәл осындай амбулатория ашу жоспарлануда.

Шет ауданы
Суретті түсірген автор

15 ақпан – Кеңес әскерінің Ауғанстан шекарасынан шығарылғанына 35 жыл

Талғат ХАСЕНОВ:

Сарбаздардың сүйегін жеткізу – парыз

Биыл – Кеңес әскерінің Ауғанстан шекарасынан шығарылғанына 35 жыл. Осыны негізге ала отырып, облыстағы «Ардагер» Ауған соғысы ардагерлері мен мүгедектер одағының төрағасы Талғат Хасеновпен әңгімелескен едік. От-жалынның ортасынан оралғандар ағынан жарылып, ашыла бермейтіні бар ғой. Дегенмен, Талғат Болатұлымен келмесе кеткен сол бір кезеңге барыныша көз жүгіртпін өттік.

– Осынау соғысқа өңірімізден бас-аяғы 2000 сарбаз аттанып, оның 86-сы шейіт кетті деген дерек айтылып жүр. Осы цифр шындыққа жанаспа ма?

– Иә, облысымыздан 2000 сарбаз аттанғаны рас. Ал, шейіт кет-

майдағы күндер еске оралатын болар?

– Онығыз рас. Күнімізбен қоса арпалыспен өткен түніміз де еске түседі. Ауғанстан аумағына келгеніме 4 ай өтер-өтпес уақытта алғаш рет ажалмен бетпе-бет келген кезім есімнен кетпейді. Түнің бір уағында ұзын-сонар автоколонна жолға шықты. Бір мезетте, гранатомет түрс ете қалды. Көзді ашып-жұмғанша граната алдымызда келе жатқан «ЗИЛ-131» автокөлігінің кабинасына тиіп, күлін көкке ұшырды. Марқұм жүргізушісі жетімдер үйінде өскен жігіт еді. Отқа оранған көлік күні бүгінге дейін көз алдымда қалып қойды.

– От кешкен өңірді қайта бір көруге келісер ме едіңіз?

– Былтыр 15 желтоқсанда Ауғанстан елшілерімен кездесу өткіздік. Бір жарым сағат бойы біз мынандай маңызды мәселені қарастырдық. Сол жақта көз жұмған сарбаздардың сүйегін тауып, елге жеткізу. Екі жыл бойы осы іске қатысты құжаттар жинаумен жүгірдік. Осы мақсатпен Ауған топырағын қайта басуға ниеттімін. Қабул қаласына дейін бармақпыз. Біздің ең үлкен парызымыз осы болмақ!

– Шынымен де, мұны өз игіліктің іс болмақ екен. Сәтім жезеге асың. Әңгімеңізге алғыс айтамыз!

Сұхбаттасқан
Қасымхан БҮРКІТҮЛЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»
Сурет
кейіпкердің мұрағатынан

– Талғат мырза, сол бір отты жылдарға бірден оралайықшы. Көзбен көріп, бел ортасында жүрдіңіз ғой...

– Әрине, әскерде қызмет етіп жүрген кезімізде майдан даласына топ ете қаларымызды басанда білмедік қой. 1985-1987 жылдары Жалалабадтағы №66 бригаданы артиллериялық дивизионың көпмақсатты жеңіл брондалған ауыр жүк көлігінде дивизион командирі Маринов, батарея командирі Рябиченко сынды басшылардың жүргізуші-механигі болдым. Дивизиядағы аса ірі қару-жарақ сапында «Д-30» гаубицалары, 40 ұңғылы «Град» катюшалары бар еді.

– Сіз айтқан соғыс қарулары жаудың иманын үйіреді ғой. Дивизияда мұндай қару-жарақтар сіздер жауынгерлік әрекеттерге де жиі қатысқан шығарсыздар?

– Өз басым сіз айттып отырған нағыз жауынгерлік әрекеттер деп Шешенстандағы соғыс іс-қимылдарын айтар едім. Ал, біздікін операция деуге болады. Зер салсаңыз, екеуі – екі түрлі. Мен өзім ең ірі деген 25 операцияға қатысыппын. Ұсақ-түйегін есептегенде. Мұндай жорықтардың өзі 15-20 күнге дейін созылатын еді. Мысалы,



мынандай операцияны орындаймыз. Арнайы жасақ немесе барлау взводы мәліметтерін негізге алып, бір қышпақ маңындағы таулар мен төбелерге зеңбірек оғын жаудырамыз. Бірақ, артиллерия қолдауы аса қажет. Ешқандай жасақ онсыз жорыққа шыға алмайды. Ауғанстан жері таулы аймақ болғасын, зеңбірек пен катюшалар көмегі ауадай қажет. Мұндай операциялар тіпті, түнде де жалғасып жатушы еді. Қазір қарап отырсақ, көрген түстей.

кен 86-ның 82-сі – мерзімді әскери борышын өтеп жүргендер. Әскери қызметтен тыс 4 азаматтық тұлға да бар. Ауғанстан соғысына қатысқан қаһармандар турасында «Боздақтар» кітабы жарыққа шыққан еді. Сол кітапта да 86 жауынгердің аты аталады. Мұнымен қоса, есімі Қарағандыдағы Жеңіс саябағы мемориалында қашаулы тұр. Жыл сайын 15 ақпанда аталған мемориал алдында жиналып, тағзым етеміз.

– Әсіресе, осы бір күні қан

Қыршынынан қиылған тағдыр

15 ақпан. Бұл күні Ауған даласында қыршынынан қиылған боздақтардың рухына тағзым етіледі. Сондай бір боздақ, ол – Әбілқайыр Базарбайұлы. Бойында бұла күші бар жігіт өзі қалап, Кеңес әскерінің қатарына қабылданған еді. Ол кезде оның Ауған жерінде жауынгерлік тапсырманы орындау кезінде оңат болатынын да ешкім сезбеген еді. Әскердегі борышын өтеуге аттанғанда асыл боздақтың жасы небәрі 20-да еді...

Ербол ЕРБОЛАТ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Әбілқайыр Базарбайұлы 1966 жылы 29 қазан күні Ақтау ауылында көпбалалы отбасында дүниеге келген ашқан. Бірақ, кішкентайынан бастап атасы Жұмабай Естемісов пен әжесі Гүлмайдың бауырында өседі. Кейіннен әке-шешесі «Сенокосное» ауылына көшіп келген соң, ұлдарын қолына алып, оқытады. Сол жердегі бастауыш мектепте 1-сыныптан 3-сыныпқа дейін оқиды. Үшіншіні бітіргеннен соң, «Тұзды» совхозының мектеп-интернатында оқуын жалғастырып, 4-сыныптан 7-сыныпқа дейін білім алып шығады. Ал, 8-сыныпты Петровка ауылында тәмамдайды.

Мектебін тәмамдаған ол арнаулы білім ордасынан механизатор мамандығын меңгеріп шыққан. Осылайша оқуын 1985 жылы ойдағыдай тәмамдап, «Сенокосное» ауылында еңбек жолын бастаған. Еңбекке енді

Отқа оранған ондағы ерлігі ескеріліп, батырға жауынгерлік «Қызыл Жұлдыз» ордені табыс-талды. Ғұмыры келте болғанымен, есімі тарих беттерінде, ұрпақ жадында мәңгі қалады.

Бір туған бауырлары бар, ауылы бар батырды жылда еске алады, рухына тағзым етеді. Мектепте, мәдениет үйінде 15 ақпан күні еске алу кештері өтеді. Өскелең ұрпаққа батырдың өжеттігі хақында әңгіме шертіледі.

Біздің мәліметтер Ауған соғысына өңірімізден 2000-дай сарбаз аттанғанын айтады. 86-ға жуық жауынгер жан тапсырыпты. Солардың қатарындағы қыршынан кеткен Әбілқайыр қаһарманымыздың ерлік хәм өмір жолы осындай.

Соғыс. Жазықсыз төгілген қан. Зұлымдық. Қай кезде де суық естіледі. Ауған соғысы. Бұл – 1979 жылдың 27 желтоқсанында КСРО Қарулы күштерінің Ауғанстанға интернационалдық көмек ретінде

Соғыстың ауыр-жеңілі болмайды

Бүгінгі күні кім не десе де, Кеңес әскерінің Ауған шекарасына еріксіз еніп, он жылдан кейін шығарылғаны – тарихи факт. Сол уақытта Қазақстан территориясынан 22 мыңнан астам жауынгер аттанып, 889 адам Ауған жерінен оралмай қалса, 19-ы із-түзсіз кеткен, ал, 3 мыңнан астамы мүгедек болып оралғаны да рас. Соғыстың аты – соғыс. Оған қатысқан адамдарға жан-жақты қолдаудың қажеттігі дау туғызбайтын ақиқат. Ауған соғысының ардагерлері бүгінде мемлекет тарапынан тиісті бірқатар көмегін алуда.

әзірленгенін де айта кету керек.

Еңбек және халықты әлеуметтік қолдау министрлігінің ресми дерегінше, қазіргі уақытта ардагерлердің өмірін жақсартуға бағытталған шаралар жүйесі жұмыс істейді. Атап айтқанда, арнаулы мемлекеттік жәрдемақы, салық салудағы жеңілдік, жергілікті бюджет қаражаты есебінен ақшалай немесе заттай әлеуметтік көмек, сонымен бірге, тұрғын үй заңнамасына сәйкес тұрғын үймен қамтамасыз етуде, емдеу орындарында қызмет көрсету және кезектен тыс емдеуге жатқызуда, жеке тұрғын үй құрылысы үшін жер учаскелерін алуда басымдыққа ие.

Облыстың халықты жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының хабарлауынша, Ауған соғысы ардагерлеріне биыл 200 мың теңге көлемінде бір жолғы көмек көрсетілмек. Бұған 239,8 млн. теңге бөлінген. Бүгінде аймақта Ауған соғысының 1 177 ардагері, қаза болған жауынгерлердің 22 отбасы бар.

Атаулы күннің мерейтойы

қарсаңында бірқатар іс-шаралар жоспарланды. Мәселен, облыстық өлкетану мұражайында арнайы көрме ұйымдастырылады. Одан бөлек, Ауған соғысының ардагерлері аталған соғыста қаза тапқан қаһарман қарағандылықтар Амангелді Қалмағамбетов және Серік Ергезеков оқыған мектептерде оқушылармен кездеседі. Айтар болсақ, қатардағы жауынгер А.Қалмағамбетов 1979 жылғы желтоқсанда әскер кіргізілгеннен кейін шайқастың екінші күні қаза болған. Ол – Ауған соғысына қатысқан алғашқы қарағандылық. Ал, қатардағы жауынгер С.Ергезеков – Дубовка ауылының тумасы. Жаяу әскердің жауынгерлік машинасында зеңбірек көздеушісі болған. 1988 жылғы маусымда болған түнгі шайқаста қаза болды. Облыстық ардагерлер бірлестігінің төрағасы Талғат Хасеновтің өзі 1986 жылдан 1988 жылға дейін 40-шы армияның 66-шы мотоатқыштар бригадасының құрамында әскери қызметін өтеген. Осы уақыт аралығында ірі жауынгерлік 25 ірі операцияға қатысқан.

Жансая ОМАРБЕК,
«Ortalyq Qazaqstan»

2020 жылы Мемлекет басшысы «Ардагерлер туралы» Заңын қабылдады, соның ішінде, Ауған соғысына қатысушылар басқа мемлекеттердің аумағындағы ұрыс қимылдарының ардагерлері ретінде аталған. Бұған дейін әлеуметтік қолдау шаралары «Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектеріне және оларға теңестірілген адамдарға берілетін жеңілдіктер мен оларды әлеуметтік қорғау туралы» Заңмен реттеліп келген еді. Жаңа заңда Ауғанстандағы ұрыс қимылдары ардагерлерін жеке санатқа бөлді.

Бұл ретте барлық қолданыстағы жеңілдіктер мен жәрдемақылар сақталды.

«Ардагер» Ауған соғысы ардагерлері мен мүгедектерінің одағы қоғамдық бірлестігі өкілдерінің айтуынша, ардагерлер санаторийлер мен шипажайларға барады, госпитальға қаралады. Кеңес әскерінің шектеулі контингентін Ауғанстаннан шығару күніне орай жыл сайын қаржылай қолдау көрсетіледі. Сонымен қатар, Қарағанды қаласында тұратын Ауған соғысы ардагерлеріне ONAY! қартасы бойынша қоғамдық көлікте тегін жол жүру мүмкіндігі берілген. Бұл ретте жергілікті әкімдік тарапынан арнайы жол картасы



араласа бастағаны сол еді, осы жылдың 26 қазанында Кеңес әскері қатарына шақырылады. Жоғарыда атап өткеніміздей, әскердегі борышын өтеуге де ұйтасы ерекше еді. Шақырту қағазын ала салысымен, аттанады. Содан бастап Әбілқайыр Базарбайұлының әскердегі өмірі басталды. Алғашқы алты айда Горький облысының оқу-жаттығу бөлімшесінде қызмет етіп, кейін Ауғанстандағы Шинданд қаласына жіберіледі. Одан соң Қаңдағардағы 85615 «Ф» әскери бөліміне ауысады.

Сөйтіп, әскердегі міндетті гана атқарамын деген бозбала майдан даласынан бірақ шықты. Берілген тапсырманы бұлжытпай орындау керек деген бұйрықты санасына сіңіріп алған ол жаудан тайсалмады, қақтығыс кезінде тасада жатып, жан сақтау дегенді білмеді. Бала кезінен бойындағы батылдығы жауынгерлік шептің алдында жүргізді. Сөйтіп жүріп 1986 жылдың 30 қыркүйегінде оққа ұшып, жан тапсырды. Ерлікпен көз жұмды. Елге мырыш табытпен оралды.

әскер кіргізу туралы шешімі салдарынан қаншама қыршын жастың өмірін оққа байлаған сұрапыл. Қанша адамның өмірін жалмады, қанша азаматтың болашағына балта шабылды. Отқа оранған он жыл. Мұндай зұлматтың абырой әпермейтінін білген Кеңес өкіметінің басшылары Ауғанстандағы барлық әскерді екі жыл ішінде толықтай алып шығу туралы шешімге келді. Осылайша 1989 жылдың 15 ақпанында қолбасшы, генерал-лейтенант Б.Громов «Кеңес әскері Ауғанстан жерінен толықтай шығарылды» деген мәлімдеме жасады. Міне содан бері сол майдан даласында қаза тапқандардың рухына тағзым етеміз, ерліктерін еске түсіреміз.

Биыл осы бір тарихи және оң шешімнің қабылданғанына 35 жыл толыпты. Батылдық пен ерліктің ерен үлгісін көрсеткен қаһарман жерлестеріміздің ерлігі өшпейтін өнеге. Себебі, ерлік – елдіктің туы!

Осакаров ауданы



Сурет ашық дереккөзінен



Жазушы, журналист Сүйіндік ЖАНЫСБАЙ – 75 жаста



Тасжарған

алып, қатты сөз қатпайтын кісі сияқты әсер қалдырады. Ол шынында да солай. Бірақ, жақын танығандар оның ұстанымы берік, ақырын сөйлесе де ой-пікірін қорғай алатын табанды адам екеніне көз жеткізеді.

Сүйіндік Жанысбай көп жылдар бойы «Орталық Қазақстанның» құқық және бұқаралық жұмыс бөліміне жетекшілік жасады. Оқырмандардан түсетін хат-хабарларды өңдеу өз алдына, ай сайын жарияға шығатын «Адам. Қоғам. Зан», экология тақырыбын көтеретін «Сарыарқа» беттерін күні бүрын даярлап, жауапты хатшының қоржынына салып қоятын. Оны атап көрсетіп отырғанымыз, айына жалғыз-ақ арнайы бет әзірлеуге тиісті кейбір әріптесіміз өз міндетіне немқұрайды қарап, соңынан жүргізіп қойса, Сүйіндік барлық жұмысы тап-түйнақтай тынып тұрады еді. Басылымның жауапты хатшысы болған мен үшін Сүйіндікпен сүйікті адам болмайтын сол кезде. Оның мұндай тындырымы қасиеті қызметін ішкі істер саласында бастауынан қалыптасқан тәрізді. Тәртіп – ол кісінің басты принциптерінің бірі.

Аптасына екі мәрте өтетін лездемеде, ерте де емес, кеш те емес, сағат 9-дан 15 минут кеткенде Сүйіндік редактордың бөлмесіне кіреді. Әрине, іссапарға шықпаса, ауырып-сырқап қалмаса. Жиын үстінде батыл сөйлеп, әріптестерінің шығармаларында орын алған олқылықтарды сын тезіне алатын журналистердің бірі осы адам. Редакцияға жаңа орналасқан жас мамандар тарапынан кейбір терминдерді дұрыс қолданбайтын жағдайлар кездесіп қалады. С.Сейфуллин атындағы театр актерінің мерейтойына байланысты әзірлеген эссесінде бір журналист ампула деген сөзді бірер жерде ампула деп жазып жіберіпті. Басқалар аңғара қоймаған осы қателікті Сүйіндік ағамыз бірден тап басып, актердің бір бейнені сомдауға бейімделуі ампула, сүйік дәрілер құйылған

шағын шыны ыдыс ампула деп аталатынын тәптіштеп түсіндіргені есімде. Сүйіндік басылымда логикалық, стильдік, емле қателері кетпеуін де мұқият қадағалайды. Сөзді орынды қолдануға зер салады.

Қазақтар тасжарған деп атайтын, табиғаттың қатал сынына төзімді өсімдік бар. Тамыры бұтақты, халық медицинасында асқазан, тамақ, жүйке ауруларын емдейтін қасиеті мол өсімдік. Сүйіндік кейбір мінезіне орай осы тасжарғанға ұқсатамын. Қоғамның қайшылығы мен келдергілеріне мойымай, провинциядағы қаламгердің күрделі сапарында жүріп келе жатқан ол мерзімді баспасөздің күнделікті жұмысын атқара жүріп, ондаған кітап шығарып үлгерді. Олардың тақырып аясы да, жанрлары да әр алуан: «Өкініш» («Взятка» орыс тілінде) ішкі істер органдары қызметкерлері өмірінен жазылса, «Ақабайдың ала қабы» мен «Адамша кел» сатиралық және сықақ әңгімелердің жинағы, әр жылдары жазылған өлеңдері «Ауылымды аңсадым» кітабына топтасса, «Сарыарқаның самалы» табиғат және экология мәселелерін көтереді. Біраз шығармалары ұжымдық жинақтарға енгізілген. Сүйіндік көркем аудармасы мен публицистикасы – өз алдына бір төбе.

Әлемдік географиялық картаға «Қазақтың ұсақ шоқылары» деген атаумен түскен Сарыарқаның ең биігі Қызыларай тауының жанындағы Еңбек ауылында кіндік қаны тамған Сүйіндік Жұмабайұлы бүгінгі күні 75 деген биікті бағындырып, өзінің балалары мен немерелері құралыпты қаламгерлерден қалыспай, қатар қалам сілтеп келеді. Жаратушы ғұмырына кеңдік беріп, отбасындағы «Радио ана» – Нұрғайын тәтеміз бабын тапса, Сүйіндік қаламынан әлі де талай тамаша туынды өріп шығатыны күмәнсіз.

Ермек БАЛТАШҰЛЫ,
Қазақстан Республикасы
Мәдениет қайраткері

Қаламгердің мерейтойында редакциямызға оқырманнан құттықтау жетті. Сүйіндік Жанысбайды оқырман іздеп келді. Бұл – қаламгер үшін таудай бақыт екені даусыз. Сүйіндік қаламгерінің мерейтойы екенін естіп, өзі іздеп келгеніне қарағанда, шын көңілмен һәм пейілмен жазылғаны көрініп-ақ тұр. Мерейтойлық беттен осы жылы лебізге орын беруді жөн көрдік.

Редакциядан

Қаламы қарымды қаламгер

Қара орман оқырманға танымал қаламгер, Қазақстанның Құрметті журналисі, Қазақстанның Мәдениет қайраткері, публицист-жазушы, Сүйіндік Жанысбайды туған күнімен шын жүректен құттықтаймын! Ұлттың мерейін асқақтату үшін туған тұлға шығармашылық табыстарға жете берсін! Құрметім бөлек.

Сүйіндік Жанысбай – бір тамшы судан теңіз, бір бұршіктен тоғай, бір ғана түйсіктен туынды тудыра алатын, қиындық атаулыға мойымайтын, ерлік еңбекке жан-дүниесін, болмыс-бітімін, жігер-қайратын толықтай сарп ететін, заңғар рухты азамат. Осындай білікті де, білімді жазушы деп Сүйіндік замандасымды зор сеніммен айта аламын. Бұл сөзіме оның жарық көріп, оқырмандардың ыстық ықыласына бөленген талай туындылары дәлел.

Жадыраған күн, мөлдіреген аспан, жұпар иісті ауа, қасиетті жұмыр жер, мұз таулар, толықсыған шалқар көл. Туып-өскен, ойнап-күлген Атамекен. Мамыражай, кең пейілді, ұлы халық. Кәусар бұлақтай сыңғырлаған қазақы үн, әуен. Жұдырықтай ғана жүрегіне жарты әлемді сүйіспеншілікпен сыйдырған, түйсігіне жарты ғаламды көшірген келбетіне көңілі сай, мәңгілік ел! Қаһармен, айбатымен құрлықты билеген, ақыл, парасатымен әділдіктің туын тіккен ұлы.

Мұндай ұызды да, қою қаймақты, сары майлы сезімді Сүйіндік мырзаның шығармашылығынан сезіндім. Әсіресе, «Азаматтың – ардағым», «Елорда «Бәйтерегі», «Білгенге – маржан» деген кітаптарын жата-жастана оқыдым.

«Азаматтың – ардағым» – Сарыарқаның кіндік тұсындағы көмірлі, өмірлі қала Қарағандының белгілі ғалымдары мен қаламгерлері турасында сыр шер-

теді. Кітапты зейін қоя оқыдым. Қарағандыдан осындай алыптар шыққан екен-ау деп таңдай қаққанымды да жасырмаймын.

«Елорда «Бәйтерек» – бәйтеректің мән-мағынасы өте тереңнен көп тамырланған. Самұрықты бәйтерек шежіресізді, төл тарихымызды жуан діңімен, тарамдалған бұтақтарымен, бұршіктерімен қазақ ұлтын, қазақ руларын, жанұяларын бүкіл әлемге паш етіп тұрғандай. Бұл кітапта адамның, ұжымның, қоғамның, жалпы алғанда, мемлекеттің тағдыры, тарихы көз жасындай мөлдіреп тұр.

«Білгенге – маржан». Қазақтан сөз қалған ба?! Кісі кітап оқыған сайын өз білімінің аз екенін байқай берді. Оқыған үстіне кітаптарды оқығысы келеді де тұрады. Білген үстіне білгісі келеді. Адам баласына әр уақытта рухани да, физикалық та азық қажет. Ұлгілі, өнегелі, алпешті сөз – халықтың рухани баға жетпес қымбат қазынасы. Барлық адам күнде кітап оқыса қандай керемет! Осы кітапты оқыған соң, талмай, қажымай ізденуге құлшыным артты.

Сүйіндік Жанысбайдың шығармашылығын үнемі оқып жүремін. Туындылары да өзінің табиғатынан алыс емес. Әңгімесінен байсалдылық сезіледі. Сатираны оқысаңыз, мінезі жұмсақ, ешкімнің көңіліне кесірі тимейтін момын адамның әзіл айтып тұрғанындей көрінеді.

Мақсұтхан АҚЫШТЕГІ,
сұз, өлкетанушы-қаламгер

Момақан қаламның мол мұрасы

«Ер жігітті ер үстінде таны» дейді дана қазақ. Тіршілікте тырбанған жан үшін тауқыметі молдау журналистік мамандық пен жазушылықтың жүгі – ауыр. Домбыраның қос ішегідей тең қылып, күйін келтіріп үндестіру, табандылықтың нәзік жібін үзіп алмай, талмай іздену – текті қаламгерге тән қасиет. Мұны ағалардың жүріп өткен жолынан аңғарамын. Қай жанға кең бойлай қалам тартса да, бұра тартпай, азаматтық берік ұстанымын сақтап, өзіндік көзқарасын танытатын келе жатқан қарымды қаламгерлердің көші бар. Мен сол ұлы көштің бел ортасынан Сүйіндік Жанысбай ағамды көремін. Ойы зерделі, тілі шұрайлы, білімі терең тарлаңбоздың есімі Арқа жұртына таныс. Уақыт ұсынып тұрсын ба?! Биыл жетпіс бесін бесіне көтерілген, күдіретті қалам иесі шығармашылық жолын жемісті жалғастырып келеді.

Нұрлос КӘРІМ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Жүрек патшасына түсетін салмақтың өлшемін ар безбеніне салған ағаның қайда жүрсе де, елдік мінезі мен кісілік қалпынан жаңылды дегенді естіген жоқпын. Кірісетін жерде кірісу, тұрысатын жерде тұрысу – атадан сүйек қуалап келе жатқан қасиеті болу керек. Біз осынау сирек бітер мінезді, жазықсыз жандардың сырттарынан өсек айтудың бәрі жат деп білетін ардагерден көріп, талай куә болдық.

Өзінің айтуынша, тағдырында тартқан азабы аз емес. Тоғыз айлығында тоғыз ай көтеріп, толғатқан анасы көз жұмып, жетімдіктің дәмін құндақтаулы кезінен татқан. Ата мен әженің тәрбиесін көрген. Сондықтан болар, ес білгеннен ертегіге құмартып, өлең мен жырға ықыласы ауған. Байқасақ, бойдағы қаламгерлік дарын, әдебиетке деген зор сүйіспеншілік бала кез, балғын шақтан бастау алыпты. Әдебиетке әуестік әуелден бойына берік орныққан. Өзінің кіндік қаны тамған Ақтоғай ауданы, Ыстыбұлақ ауылының кітапханасындағы кітаптарды жаға-жастанып, замандастарымен жарыса оқыған. Мектеп қабырғасында жүрген уақыттың өзінде газет-журналдардың тұрақты авторы болып, бала тілші атанған.

Бала қиялы жетелеп, Қарағанды мемлекеттік университетінің филология фа-

культетінің студенті болуға ықпал етті. Білім ордасын 1972 жылы бітіргеннен кейін мұғалім болды. Қаламгер көп ұзамай шығармашылық қызметін облыстық телерадиокомитетінің редакторы болып бастады. 1980-2013 жылдар аралығында облыстық «Орталық Қазақстан» газетінде жұмыс істеді. Қызметін атқара жүріп, облыс өміріндегі сан-саналы қоғамдық істерге де белсене араласты. Еңбек ерлерінің кәсіби бет-бейнесін боямасыз бейнелеп, қоғамдағы қадір-қасиеті мен көрген сый-құрметін көркем ой мен көсем сөзбен қалпында кестелей білді. «Орталық Қазақстан» газетінде өзі ұйымдастыратын «Сарыарқа» бетінде Сүйіндік ағаның қайраткерлігі үнемі көрініс тапты. Осынау қызметті атқара жүріп, жазушылық жолдан жаңылған жоқ. Қайта әңгімелер, сатира жазып, әдебиет әлемінде өзіндік орны бар, өнегі бар жанрдың бірі – детективке қалам тартты. Детектив жанрында жазған дүниелері ой ұшқырлығымен, өзіне тән жазуымен ерекшеленеді.

Ұзақ жылдардағы шығармашылық жетістіктері бірнеше кітапқа арқау болды. Атап айтсақ, тәртіп сақшыларының өміріне арналған «Өкініш» (орыс тілінде) «Взятка» атты әңгімелер мен очерктер жинағын «Адамша кел» әзіл-сықақ әңгімелері, «Ауылымды аңсадым» өлеңдер жинағы, облыстың экологиялық мәселелеріне арналған «Сарыарқаның самалы»,



орыс тілінен аударған «Алтай ертегілері» атты кітаптары, «Кездесу» атты повестер мен әңгімелері, «Ақбақайдың ала қабы» атты сатиралық кітабы жарық көрді.

Қиялы жүйрік, жан дүниесі кең, рухани әлемі таза қарымы қуатты қаламгердің адами болмыс-бітімі мен азаматтық кескін-келбетін біз іні болып қасында жүргенде тани түстік. Пенделілікке салынып, берілген өмірдің мәнін жоғалтып алатындар қаншама. Ал, біздің Сүйіндік ағамыз пенделіліктен ада, лас тірлікке жаны қас. Шығармашылық адамына тән негізгі қасиет – жан тазалығы. Текті талант, дара дарын, тұғырлы тұлға Сүйіндік ағамыздың сұлулық, әдемілік, тазалық іздейді. Сол тазалық өмірінің айнасы екендігін жақсы

біледі. Тал бесіктен басталған тазалықты ұстаным еткен жан қандай ортада, қандай қоғамда, тіпті қандай құрлықта жүрсе де, өз жолын тауып, туған ел алдындағы перзенттік міндеті мен парызына көлеңке түсірмесі анық.

Қаламгерлік қадірі құрметтеліп, таланты талайды таң қалдырып тұрса да, Сүйіндік ағамыз орынсыз жерге кимелеп, арзан атақ, алдамшы баққа бола манайын ылаңдатып жүргенін де көрмеппіз. Момақан мінезінен бір айнымай жүріп-ақ, мол дүние жазып тастаған. Ойлы дүниелерімен оқырман жанын жаулады. Сүйіндік аға үшін орындалған арман, қолы жеткен бақыт, бағындырған биіктің өлшемі – ол ормандай оқырман алдындағы

абырой. Шығармашылықтың шыңын осындай шынайылықпен бағындырған қаламгер – бәрібір бақытты.

Атақ пен мансапқа қызыққан жоқ. Қазақ әдебиетінің адал қызметшісі бола білді. Қалам күдіреті мен жазудың киесін қадірледі.

Сүйкімін жоғалтпаған Сүйіндік ағамыз барлық қасиетін бір мақаламен қамту мүмкін емес. Сондықтан, осы жерден тізгіні тартып, алда жазылар дүниеде келер күннің еншісіне қалдырмақпын. Жан жүрегі жылылыққа толы ардақты ағаның мәртебесі биіктеп, абыройы асқақтай беруіне шын көңілден тілектеспін. Тағылымды, өнегелі ғұмыры ұрпақтарға жұғысты болсын!

Сүйіндік ЖАНЫСБАЙ

Сәбидің саусағы

(Әңгіме)



иығына іліп, есіктен шыға бере ол ойынан айнып қалды. Өйткені, жұмырда бір кезде-скенінде оның күле қарап:

– Байыңды әлі ұстаған жоқ па? – деп кетке сұрағаны есіне оралды.

– Жоқ, – деді бұл сеніммен. – Оны не үшін ұстамақ...?

Ол бұдан әрі тұрған жоқ, маңғаз басып әрі қарай кете берген. Міне, сол кездесуді есіне алған Дәрияш Бәшмінің шұбар бетінде әлде бір жұмбақ мысқыл пайда болғанын байқап қалған еді. Мұны Қайратбекке айтып келген. Ол әуелде тіксініп қалғанымен:

– Е, кім не демейді? – деді де қойды.

Дегенмен, бұрыннан алаңдан жүрген оның көңілінде бір қобалжу пайда болды. Енді тықыр еткен дыбысқа елең ете қалады.

Босағада тұрып қалған Дәрияш Бахридін ағайға барып, ақыл сұрауға бекінді. Ол кісілердің үйлері де онша алыс емес. Әуелде

танымақ тұрсын, бірінші рет көргенін, тек түскі ас ішіп кеткенін айтады. Оған да сенбейді.

Бірде тергеуге кіріп бара жатқанда ұзын дәліздің екінші басында бір келіншекпен ыржаңдасып тұрған Шұбарды байқап қалды. Тағы бір жолы қарсы жолықты. Маңғаздана басып, күле қарап, өте шықты. Оның мұнда нағыз жүргенін түсінген жоқ. Тек кейіннен ғана санасына саңылау жүгіре бастады. Бірақ дәл сол кезде адамдар бір-біріне арамдық немесе қастандық жасайды, бір-бірін көре алмайды деп ойламапты да. Оның сыр-ын кейін өзі қамауға алынып, лагерьге тап болғанда ғана білді гоі.

...Түнімен суық баракта тоңып шыққан Дәрияш бойы жылынып, енді ғана мауыжарып ұйықтай берген еді, рельстің шыңылынан селк етіп оялды, одан соң кезекшінің «Тұрыңдар!» деген айқайы естілді. Күнделікті тірілік осы. Енді кеш түсіп, қас қарайғанша бір тыным жоқ.

Тергеу аяқталды ма, жоқ па, Қайратбекті тергеді ме, өзін тергеді ме, күйеуін соттады ма, өзін соттады ма – білмейді. Әйтеуір бір күні пойызға отырғызып алып, айдап жөнелді. Қайда апара жатқанын да білмейді. Айта-тындары: «Халық жауының әйелі де – жау». Сонда жау болып, бұл не істемі? Әйтеуір бір білетіні – көрсеткен жеріне қолын қоя берді. Айтқандарына қарсы келмей, қолын қоя берсе – жеңілдік жасайды, сөзіне сенеді деп ойлаған болатын. Ол ойының теріс екенін де, өзіне пәле болғанын да лагерьдегілерден естіді. АЛЖИР-ге (отанын сатқандар әйелдерінің Ақмола лагері) келген соң баракта отырған әйелдердің еңіргенде етектері жасқа толады. Нені дұрыс істегенін, нені қысық істегенін де солар айтты гоі. Ауылда өскен, бұрын орыс көрмеген Дәрияш орысшаны да осы жерде үйрене бастады. Басқа түспей білмейді екен, «алып кел», «апарып таста» деген сияқты сөздердің өзін қабылдау онайға түскен жоқ. Алғашқы уақытта орысша түсінбейтін әйелдер бөлініп, өздері күңкілдегіп жүрді. Келе-келе барлығы араласа бастады. Өзі жеткізіп айта алмаса да, сонау Ресейден келген әйелдердің айтқан мұны түсінетін қалға да жетті.

Бірақ мұндағы «жайлы жағдай» ұзаққа созылған жоқ. Бүкіл Кенес Одағынан әкелінген «отанын сатқандардың әйелдері» лагерьге сыймай кеткендіктен, көпшілігін ҚарЛаг-қа және басқа да нүктелерге ауыстыратын болды. Ауыстырғандардың арасында Дәрияш та кетті. Бірақ бұл жерде адамдардың бір-біріне деген қатынасы аса қатаң, тіпті, қатігез болғанымен, тәртіп біршама ретке қойылған екен. Бәрі уақытпен істелді. Таңерттеп тұрғаннан бастап кешке жатқанға дейінгі барлығы сағат-сағатымен белгіленіп тасталған.

Басында біраз уақыт асханада істетті. Жұмысы ауыр, белің бүгілмей картоп аршып, жуынды төгумен уақытты өткенімен, әйтеуір, оттың жаны болғандықтан, тоңған кезде ептеп жылынып алуға болады. Бұдыс-аяқ жуған кезде түбіне жабысып қалған қаспағы болса, қолымен қырып алып, асап жібереді. Ол да болса, жүрек жалғауға жетіп жатыр. Әйтеуір бір жақсысы – баласын емізуге уақытымен апарды.

Бұл да ұзаққа бармады. Қухниға Валентина деген әдемі әйел бас аспаз болып келді де, мұндағы бұрынғы тәртіп те, бұрынғы адамдар да өзгерді. Ол өзінің адамдарын ала келді. Негізгі лагерьдің өзінің заны болғанымен, мұнда отырғандар арасында өз заны болатындығын Дәрияш бірте-бірте түсінді. Әйелдердің сыпсын сөзіне қарағанда Валентина лагерь бастығының ба, әлде оның орынбасарының ба, әйтеуір біреуінің нақсүйері екен. «Ол енді өзі де жұмыс істемейді, басқаларға да істетпейді» деген еді әйелдер. Солардың айтқандары келді.

АЛЖИР-де кішкене Батырын қойнына алып жататын. Мұнда мүлде бөлек баракқа алып кетті. Ол жерде ясли сияқты орын бар. Өздерінің тәрбиешілері бар. Бір жақсысы – барак шикі кірпіштен салынған. Ортасына пеш орнатқан. Басқа тақтай барактарға қарағанда аздап жылылау. Соның өзі дәтке қуат. Кішкентайы тонбаса болды.

Қолына алған сәттегі бейкүнә сәбидің анасын танып, талпынған сәтін көргенде жан-жүрегі езіліп, көкірегіне өксік оралатынын қайтерсін. Баласын емізген кезде еміреніп, өзі де бір жылынып қалады. Кейде беті балқып, сәбиін емізіп отырып қалып қойтындай де бар. Ондайда айдауылдың қаһарлы дауысынан селт етіп оянып кетеді.

ұзақ отырады. Ақыры бір күні айтты гоі. Сөйтсе, өзінің көрші ауылда тұратын бір бауыры бар екен. Соған икемдемек болыпты. Дәрияш өзінің бір жігітпен сөз байласқанын, аман-есен оқуын бітіріп келген соң отау құрмақ ойлары бар екенін жасырған жоқ. Сөйтсе, көрші келіншектің бауыры осы Шұбар болып шықты.

Бірде бұлақтан су алып келе жатқан. Қарсы алдынан торы төбелмен қарсы шыққан жігіт алдына көлденең тұрып алды. Иығын жаншыған мойынағашқа ілінген екі шелек су еңсесін басып, қылған белі одан сайын майыса түскен Дәрияш үйге жетіп бір-ақ тоқтауға тырысып келеді. Бірақ кенеттен пайда болған салт атты жолын бөгей берді.

– Сұлу қыздың суынан дәм татуға болмас па екен? – деп өнмендеген жігіттің дауысы тым ұнамсыз естілді.

Дәрияш үн-түссіз суын жерге түсірді де, шелегінің шетінде тұрған, жаңа ғана бұлақтан су құйып алған ожаумен орта ожау су алып, жігітке үн-түссіз ұсынды. Ол аттың үстінде тұрған беті суды сіміріп алды да, ожауын қайтарып жатып, қыздың қолынан ұстамақ болған еді. Дәрияш ожауды жұлып алып, жігіттің ерні тимеген екінші жағымен шелектегі судан аздап іліп, шайын-шайып төге салды да, екі шелегін інінағашымен көтерген беті аттылы жігітті айналып өтіп, үйіне қарай беттеді.

Шұбар бұдан соң да бірнеше рет кезікті. Өрбір кездескен сайын әңгіме бастауға тырысады. Бірақ, Дәрияш одан үн-түссіз жылыстап құтылады. Бұдан соң көрші келіншек те келуін тоқтатты. Оның ессесіне



Сурет ашық жермен

«Дәрияш биыл жазда күйеуге тиеді екен» деген сөз бүкіл ауылға тарап кетті.

Дәрияш бұрынғысынша өзінің шаруасын күйттеп жүре берді. Сөз байласқан жігіті Қайратбек Омбыдан оқуын бітіріп келісімен, құда түсуге кісілер жіберген болатын. Әке-шешесі қарсы болған жоқ. Қызының оқып келген, көзі ашық жігітке тұрмысқа шыққанын қандай ата-ана қала-масын. Теңін тапса – тегін бер деген.

Оқып келген, көзі ашық Қайратбек ел ішіндегі жұмысқа араласып, қызметкер болды да шықты. Оның қандай қызмет екенін Дәрияштың өзі де түсіне бермейді. Әйтеуір ат үстінде түспейді, ауыл адамдары ертеле-кеш Қайратбекке келіп ақыл-кеңес сұрап жатқаны. Ондай адамдардан есігі құрмамайтын болды. Оның іскерлігін байқады ма, уезд орталығындағы бір қызметке апарып тағайындады. Бұл кезде Шұбар атанып кеткен Бәшмі де осы уезде соттың қызметкері екен. Тіпті, оның үйі Қайратбек пен Дәрияштың үйінен онша алыс болмай шықты. Кейде көшеде келе жатып кездесіп қалып та жүрді.

Көп ұзамай ел ішінде үрей туындап, жұртшылық бірінші үйіне бірі кіруден, оны айтасыз кездесіп, амандасудан қалды. Анау да «халық жауы», мынау да «халық жауы». Жағалай қаптап кеткен «жаулар» болып шыға келді. Кеше жүрген адам бүгін жоқ, ұстап алып кетіп жатады. Бір күні кезек Қайратбекке де келді. Кешкі асқа отыра бергендері сол екен, есік қағылды. Ішке кірген екі жігіт есік ашқан Қайратбектің екі жағына тұра қалды да, киініп, сондарынан еруін талап етті. Олардың соңынан кіргендер үйдің ішінің астан-кестенін шығарып, тінту жүргізді. Қағаздарының арасын ақтарды. Бұрын Омбыда гимназияда оқып жүрген кезінде жазысқан хаттары сақталған еді, соларды және басқа да кейбір кітаптарды жинап алып кетті.

Аяғы ауыр Дәрияш не істерін білмей босағада отырып қалды. Айтпақшы, Шұбар осында сотта істейді гоі. Заңнан түсінігі бар, соған барып жолығып, Қайратбекті босатуға көмектесуін сұрамақ болды. Киімін

Есімі өрелі оқырманға белгілі Сүйіндік Жанысбай хақындағы қаламдас бауырларының жылы лебізінен бөлек, шығармашылығын да назарларыңызға ұсынуды жосн санадық. Себебі, Сүйіндік ағаны елге қадірлі һәм абыройлы еткен осы қасиетті қалам. Жазушының мерейтойы шығармашылығымен айшықталғаны абзал.

Әңгімеде нарасат-пайымымен бүтін бір ұлтты еңіреткен замана өзіне баға береді. Қанға, жазықсыздың көз жасына малтыған жүйеге сәбидің көзімен қарайды. Көз алдыңызға боран өтіндегі тебіндеп шыққан нәзік гүлдің бейнесі көлбеңдейді. Шырылдаған ана байұстың езілген жүрегін сөзбен суреттейді. Әңгімеден сұр бояуды көресіз. Лагерьдегі сұп-суық сұр тастың ызғарын, темір шынысрудың дыбысын естисіз.

Редакциядан

Аяқтарын әрең басып келе жатыр. Арттарында айдауыл. Әбден қалжыраған тұтқын әйелдер жығылуға шақ қалады. Сондарындағы салпақтап келе жатқан айдауылдың да әбден ығыр болғанын көрініп тұр. Анда-санда винтовкасының дүмімен итеріп қояды. Онысына да рақмет. Мұрты салбыраған біреу. Басқа ұлттың адамы сияқты. Егер мұның орнында кешегі жаналғыш болса, бұлар баяғыда бірнеше рет жығылып-тұратын еді. Ол винтовкасының дүмімен аямай соғып жібереді. Сондай бір соққы бұған да тиген. Сол жақ иығы әлі ауырып жүр.

Күніне екі рет, кейде үш рет баласын емізуге апарды. Міне, тағы да әкеле жатыр. Аяғы бастырмай, жүруге жарамай қалғанына қарамастан, кішкентай Батырға жеткенше асығуда. Асыққан түрі осы кешегі жауған қалың қар аяқ бастырмайды. Әйелдер зонасы мен «балалар қалашығының» арасы әжептәуір жер.

Артқыдағы айдауыл тағы да мылтықтың дүмінен итерді: – Жүрідер, тезірек!

Онысыз да асығып келеді. Кішкентай ғана қауқарсыз сәбиін есіне алғанда омырауы сыздап, сүті де шығып кетеді. Сүт дегеннің өзі шамалы. Лагердің су татыған сұйық ботқасы мен шала піскен қара наны қайбір тамақ болсын. Соның өзін талғажу етіп, баласына емізуге асығады. Емізуге рұқсат ететін уақыты бар. Бірнеше барактағы жас баласы бар әйелдерді жинап апарды. Сол уақытта баласын бауырына алып, сәл болса да, көңілін демдеп, мауқын бір басып қалады. Күні бойы басқа қорегі жоқ жас сәбиді әуелде төсіне бас салып, жармақшымен, ашқарақтана екі-үш рет сорған соң сүті бітіп, бос қалған төсін аймаалағанмен ештеңе шықпаған соң жылаған болады. Бірақ аш сәбидің жылауға да шамасы келмей, бос қалған теріні созылай береді. Сүтінің біткенін білгенімен, оны айдауылға сездірмей, баласын емізген болып, айналып, іштей еміреніп, отыра береді. Оның да уақыты біткен соң айдауыл шығуға бұйрық береді. Бұл амалсыздан баласының мандайынан иіскеп, жергегіне қайтадан орап, орнына жатқызып кетеді.

Сәбилердің күтушілері бар деген аты ғана. Олар да жұмыстағы адамдар. Асхананың картобын тазалайды, ыдыс-аяғын жуады. Балалардың астынан түскен жаялықтарды жуады. Жугандары сол – сабынсыз қара суға бір-бір шайқайды да сымға жайып, іле береді. Оны аналары келген соң астынан алып, қақаш-қақаш болып, сіресіп қалған жаялықтарды қолдарымен уқалап, жұмсартқан болып, қайтадан орайды. Тулақтай болып сіресіп қалған жөргекке бала түгілі үлкеннің өзі шыдамас еді. Дәрменсіз сәбилер алғашында шырылдап жайлайтын, қазір өксік сияқты бір дыбыстар ғана шығарады. Бұлар да бос жылаудан түк шықпайтынын сезген сияқты.

Қанша дегенмен, бауыр еті – баласы гоі. Бұл жерде одан жақын ешкім жоқ. Қолынан түк келмейтін, дәрменсіз сәби болса да, оны өзіне қадімгідей ес тұтады, өзінің қамқоршысындай сезінеді. Айналып-аймалап қайта жатқызып да, басқа әйелдердің қатарына барып тұрды. Бәрі түгел жиналған кезде сапшен айдап жөнеледі. Басында Дәрияш та жылаған. Жылып-жылап көз жасы да таусылды. Енді жылайын десе де, көзінен жас шықпайды. Адам деген үш күннен соң тозаққа да үйренеді деген рас екен.

Әкелген жерлерінің ҚарЛаг деп аталатындығын есіне сақтап қалыпты. Кейіннен бұл поселкенің Долинка аталатынын түсінді. Төргі бөлмеде оны-мұны шаруаларын істеп отырған. Есіктен біреу кірген сияқты болды. Аяғы ауыр болғандықтан, ақырын тұрып, ауыз бөлмеге шыққан. Есіктің аузында көрші ауылдағы Бәшмі тұр екен. Әуелде сасқалақтап қалғанымен, есін тез жинады да: – Жай жүрсін бе? – деп сұрады.

– Амандасуды да ұмытқансың ба? – деді ол қатқыл дауыспен.

– Біздің үйге келмеуші едің, асығыс шаруан бар шығар дегенім гоі...

– Шаруасыз келуге болмай ма? Күйеуге тиген соң: – деп бір сөзді бықсытып келе жатыр еді: –

– Бұл уақытта шаруасыз кім жүреді? – деп Дәрияш оның сөзін айтқызып, бірден бөліп жіберді.

– Күйеуің қайда? – Жұмысыңда... Кенесіне бармадың ба, егер жолыққаның келсе... – Барамын. Бармай жүрген жерім емес кой... Сені бір көруге келдім.

– Е-е, баяғы «өңің» әлі қалмапты гоі.

Бұдан соң сөзді көп соза берудің жөні жоқтығын түсінді ме, ол басынан аяғына дейін қарап шығып, енді біліне бастаған ішіне көз тоқтатты да, ақырын бұрылып шығып кетті. Үйге келген адамға «Жоғары шық» дегеніне өкінігенен Дәрияш оның бұл келісін неге жорырын білмей, сол орнында біразға дейін тұрып қалды. Дегенмен де бетінде шешектен қалған қорасан дақтары бар, ел «Шұбар» атап кеткен Бәшмінің ұнамсыз жүзі көз алдына қайта-қайта орала берді.

Ол кездер ауылдағы мұңсыз күндер еді гоі. Осыдан бір жыл бұрын көрші келіншектің үйге келуі жиілеп кеткен. Жүзіне күле қарап, оны-мұны айтып, әңгіме соғып



• СӘКЕН СЕЙФУЛЛИННИҢ ТУҒАНЫНА – 130 ЖЫЛ

Сәкен тауы мен бұлағы

Бұқар жырау ауданының топырағында да қазақтың ақиық ақыны, Қызыл сұңқар Сәкеннің табиғатын ізі қалған. Осы өңірдегі Семізбұғы көлінің жағасында Сәкен тауы мен бұлағы бар. Географиялық картаға түспесе де, жергілікті халық әлі күнге солай атайды оларды.



Ержан ИМАШ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Бұл жер бұрын Баянауыл сыртқы округінің Ақкелі болысына қараған қалың Қаржас руының ішінде Бағас атасының қонысы болған да, Сәкеннің әкесі Сейфолланың шешесі Қашпаның бауыры Жүністің баласы Мұқайдың қайыңжұрты Балабайдың ауылы екен. Қазір бұл төңірек аталған ауданның Бұқар жырау ауылдық округінің аумағында жатыр.

Сәкен ағамыз 1919 жылдың сәуір айының басында адмирал Колчактың Омбы қаласындағы тұтқындар лагерінен қашып шығып, Дүйсембі Әсеуілының атына берілген жалған құжатпен арып-ашып, жаяу-жалпылап осында жеткен ғой. Өзі оны «Тар жол, тайғақ кешу» романында былайша суреттейді: «Сүйтіп, бәрін қосқанда, уақыттың қиыншылықты кезеңінде жаяу сегіз жүз қырық төрт (844) шақырым жол жүріп, Семей, Ақмола губернияларының төрт уезінің түйіскен жеріндегі Сарыалдырдың басындағы Балабай ауылына келіп, дем алдым». (399-бет).

Бұған дейін ол Баян тауының баурайында жатақ болып отырған Ілияс нағашысының үйінде он күннен аса аялдап, онымен бірге енді жүз шақырымдай жатқан Мұқайдікіне сапар шегеді. Өйткені, қыстан жұтап шыққан, балалы-шағалы

Ілиясқа қарағанда, байықкештеу қайынатасына қоныс қонған оның жағдайы мен тұрмысы да біршама тәуірлеу көрінеді. Мұқайдың оншақты сиыры, үш-төрт жылқысы, жиырмаға тарта қойы бар екен. Ал Балабай атасының бірталай сиыры, 150 қойы мен қырыққа жуық жылқысы бар болып шықты. Өзі, күйеу баласы, екі ұлымен бірге 4 үй болып отырған үстіне келеді бұлар. Ағайын-жұрт Сәкенді құшақ жая қарсы алып, ол мамыр айының ортасына дейін сонда болады. Бұл уақыт ішінде өзі «Сіңісіп кеттім. Тез онала бастадым. Ісінген дене қайтып, таралып, тарамыстанды. Дене жіңішке көк темірдей бүгіліп, күшейді. Балабай ауылының ағы мол. Құймақ, қатық, қою қаймақ, жаңа байлап сауған уыз қымызға көңілі болдым. Күн әбден жылынды. Көк гүлеп шыға бастады. Балабай ауылы Сарыалдырдың Темірқазық жағына, бауырыға, Көкөзекке қонды. Балабай ауылының сенімді, бір өз кісісіндей тағдыры белгісіз. Бірақ, оның туған сіндісі Жүпшіра марқұм осы аудандағы мен туып-өскен Үлгі ауылында тұрған Бақтияр ақсақалдың бәйбішесі болатын. Әлі есімде, 1965 жылы белгілі жазушы Сейділ Талжанов сол кісіні іздеп келіп, жолығып, сөйлесіп, біздің үйде бір қонып кеткен еді. Жазушы кейін сол естіген әңгімелері мен оқиғала-

рынның негізінде тамаша бір «Кездеспей кеткен бір бейне» деген повесін жариялап, екеуінің есімдерін Есен, Жазира деп алған.

Міне, сұңқар Сәкеннің Сарыалдырда аз күн аунап-қунап, соңында өшпестей аңыз қалдырып кеткеніне де бір ғасырдан асыпты. Сөйтсе де, оның есімі ел жүрегінен өшпей, өзі басына шығып сейіл құрған, жылқы күзетіп, қарауыл қараған бұйрат шоқысы Сәкен тауы атанып, бауырындағы бұлағы бәз-баяғыдай сылдырлап ағуда.

Бұл таудың қойнауы қайың, қарағай, терек қаулай өскен қалың ағашқа толы. Жаз бойы оған келіп демалушылардың қарасы бір үзілмейді. Осы жердің тумалары, 89 жастағы қарт аңшы Ақтай Бейсенбеков пен аудандық мәдениет бөлімін 30 жыл басқарған Мүгілсім Шибасвалар оның табиғатының әсемдігі мен бұлағының бал татыған суын айтқанда, ауыздарының суы құриды. Мұнда келгендер көл суына шомылып, балық аулап, қалың ағаш саясында жақсы бір демалып қайтады.

– Әсіресе, Сәкен бұлағының суынан қайнатып ішкен шайға мейірім бір қанбайды. Бұл жерді кезінде Бұқар жырау ауданының әкімі болған марқұм Еркебулан Нашаров демалыс орнына айналдыруды жоспарлап, оны іске асыруға үлгермей кетті ғой. Енді соны ауданымыздың қазіргі әкімі Абылай Сұлтанғали бауырым қайта қолға алып, жалғастыра ігі болар еді, – дейді тағы да Мүгілсім апайымыз.

Жөн сөз, дұрыс ұсыныс. Ендеше, кешегі сұңқар Сәкен саялап, сайран салған Сарыалдыр аймағын еліміздегі киелі жерлер қатарына қосып, жан-жақтан туристер ағылып келіп, тамашалайтын тарихи орынға айналдыратын кез жетті. Себебі, бұл аралдан таяқ тастам жерде көмекей әулие Бұқар жырау Қалқаманұлының кесенесі мен Семізбұғы тауының бөктерінде қасиетті Қаздауысты Қазыбек бидің денесі қыс бойы сақталған сөре тастар тұр. Осының бәрін біріктіре келгенде, үлкен бір тарихи-мемориалдық кешен болар еді. Сондықтан да, барымызды бағалап, асылымызды ардақтап, құндылықтарымызды қастерлесек қане?!

Бұқар жырау ауданы
Суреттер ұйымдастырушылардікі

• ТАҒЫЛЫМ

Қаламгер өнегесі

Е.Бөкетов атындағы Қарағанды университетінің филология факультетінде Ақтағай ауданының Құрметті азаматы, ардагер журналист Қасым Орынбетовпен кездесу өтті. Тағылымды шараны журналистика кафедрасы ұйымдастырды. Кеудесі қазынаға толы ақсақалдың өнегелі әңгімесін Қарағандының зиялылары мен студенттер тыңдады. Сонымен қатар, қарияның туған қызы Мақпал Орынбетованың «Әкем айтады...» деп аталатын кітабы таныстырылды.



Ерік НАРЫН,
«Ortalyq Qazaqstan»

Автордан бөлек оқырманның және әдебиеттанушылардың пікірінше, мұндай кітап Қазақстанда жоқтың қасы. Себебі, кітапқа Қасым ақсақалдың өнегелі хәм қазақы қоңыр әңгімелері енген. Мақпал Орынбетова әкесінің дастархан басында айтатын әңгімелерін қағазға түсірген.

– Әкемнің денсаулығы сыр берді. Отбасымызбен алаңдап қалдық. Өмір мен өлімнің арасында тұрды десек те болады. Сонда менің күйеуім «Шіркін-ай, адамның миындағы құнды ақпараттарды алып қалатын технология болса ғой!» деп армандағаны есімде. Әкем дастархан үстінде қоғамдағы түрлі жағдайларға байланысты, басқа да тарихи деректерге қатысты әңгімелерін айтып отыратын. Соның бәрі – құнды. Әкемнің сырсаңдығынан шыққан сөздерді қағазға түсіруге бел будым. Сөйтіп, «Әкем айтады...» деген кітаптың басы басталды. Сол әңгімелерді әлеуметтік желіге дүркін-дүркін жариялай бастадым. Оқырманның көңілінен шықты. Қызу талқылана бастады. Тарапымызға жылы лебіздер жетіп жатты, – делі Мақпал Орынбетова.

Қасым Орынбетов кешегі өткен Алаш алыптарының көзін көрген, солардан тәлім алған. Көзкөрген. Ұстазы – әдебиет зерттеушісі, Кеңес Одағының батыры Мәлік Ғабдуллин. Атақты Нарманбет Орынбетұлының немересі. Осы тарихи тегінен, ана сүтінің уызынан дарығаны сөзсіз.

Мәлік Ғабдуллиннен басқа Қасым ақсақал тәлім алған Алаш алыптарының тізімі ұзақ. Міне, осындай қарияның әңгімесін студенттер ұйып тыңдады. Сауалдарын қойды. Сұхбат құрған ақын, белгілі ғалым Қойлыбай Асанов та Қасым Орынбетов хақында толғана сөйлеп, өмірі мен шығармашылық жолына тоқтады.

Суретті түсірген
Жангелді ӘБДІҒАЛЫМ

• АКЦИЯ

«Сүйікті қалама сый»

Облыстың тарихи-өлкетану мұражайында Қарағандының 90 жылдығына арналған акция өтті. Пластикалық және қозғалыс студиясының өкілдері мұражайға 20-дан астам экспонат әкелді. Олардың арасында 1943 жылы шыққан сабын бар.



Аяулым СОВЕТ,
«Ortalyq Qazaqstan»

– Бұл сабын Ұлы Отан соғысының ортасында жасалған. Сондай-ақ, Кеңес дәуіріндегі айран мен сүт құйылған шыны екі бөтелке бар. Металл бұйымдары зауыты «Балдырған» велосипедтерін және осы үш доңғалақ арба қалай жасалғанын көрсететін сызба сыйлады. КСРО-ның ескіздері мен сызбаларына арналған альбомдар мен дәптерлер бар. Қарағандының аға пионерлерінің бірінші республикалық конференция делегаттарының күнделігі бар, – делі пластикалық және қозғалыс студиясының жетекшісі Дәулет Әбдірахманов.

Студия қатысушысы София Воронова қаланың мерейтойына орай студия тарихи-өлкетану мұражайымен бірлесіп, «Сүйікті қалама сый» акциясын өткізуге шешім қабылдаған. Макулатура жинап, сонымен қатар, мұражай қорлары үшін экспонаттар сатып алу үшін жеке жинақтар пайдаланған.

Сондай-ақ, мұражайда «Арқа төріндегі кенді қала» көрмесі ашылып, Қарағанды көмір кен орнын ашушы Аппак Байжановтың 200 жылдығына орай және Қарағандының 90 жылдығына орай «Кенді өлкенің бастауында» атты кездесу өтті.

Мұрағат құжаттары арасында Қарағанды көмір бассейнінің қалыптасу кезеңдері туралы, ҰОС жылдарындағы қаланың дамуы, соғыстан кейінгі кезең және Тәуелсіздік жылдарындағы қала туралы фотоматериалдар бар. Сондай-ақ, әр жылдардағы шахтерлердің арнайы киімдері, жабдықтары, алғашқы құрылысшылар мен қоныс аударушылардың тұрмыс заттары қойылған.

– Көрменің фото бөлімінде 30 жылдардағы Қарағандыда салынған ғимараттар мен шахталардың фотосуреттері ұсынылған, – деп атап өтті облыстық тарихи-өлкетану мұражайының кіші ғылыми қызметкері Айдана Усманова.

Сурет ұйымдастырушылардікі

• ОҚУ ОРЫНДАРЫНДА

Тәрбие – маңызды құндылық

Қоғамда жастарды патриоттық тұрғыда тәрбиелеу міндетті. Тәрбиенің айқындаушы қағидадары көп. Бұл – қоғамның қалыптасуы, даму ерекшеліктерімен, ұлттық сана-сезім, өмір салты, дүниетанымымен байланысты құндылық.

Патриоттық тәрбие – мемлекеттік билік органдары мен ұйымдардың азаматтардың жоғары патриоттық санасын, Отанға адалдықты байқатады. Патриоттық тәрбиенің мақсаты – жас ұрпақтың бойында жоғары әлеуметтік маңызды қасиеттерді қалыптастыру, оларды қоғам мен мемлекеттің мүддесі үшін іске асыруға дайын болу.

Жастарға патриоттық тәрбие беруді біз мемлекеттік және қоғамдық ұйымдар тарапынан патриоттық тәрбие беру жөніндегі жұмысты күшейтуден көреміз.

Сонымен қатар, жастардың бойында тұрақты моральдық-саяси, физикалық қасиеттерді қалыптастырып, Отанның бостандығы мен тәуелсіздігін қорғау жөніндегі өздерінің патриоттық және халықаралық борышын абыроймен орындай алатынын көрсетеді. Білім мен дағдыларды меңгеруді көздейді.

Тәрбиенің басқа бағыттарымен тығыз байланысты патриоттық тәрбие еңбекке және адамдарға деген сүйіспеншілігі, адалдығы, шыншылдығы бар тұлғаның қалыптасуын қамтамасыз ететін жоғары оқу орнындағы тұтас тәрбие жүйесінің бөлігі. Жоғары оқу орнында патриоттық тәрбие тақырыбындағы оқулық жеткіліксіз. Дегенмен, студенттердің азаматтық тәрбиесіне байланысты зерттеулер жиі жүргізіледі.

Студенттер патриоттық мазмұны бар ойындарды әзірлеу барысында «патриот» және «патриотизм» ұғымдарына козкарастарының өзгергенін атап өтті.

Оған сауалнама нәтижелері дәлел. Патриоттық тәрбиенің ұйымдастырылған процесі этномәдени орта жағдайында студентке туған өлкенің тарихын игеруге мүмкіндік береді.

Гүлім САРБАЛАҚОВА,
Е.Бөкетов атындағы
Қарағанды университетінің
аға оқытушысы

• КӨРМЕ

Кітапханамен құрдас кітаптар

Биыл облыстық зағип және нашар көретін азаматтарға арналған арнайы кітапханасының құрылғанына – 55 жыл. Кітапхана 1969 жылы 30 қазанда Қазақ КСР Мәдениет министрлігінің ұсынысы бойынша Қарағанды қалалық мәдениет бөлімінде көру қабілеті бұзылған адамдарға қызмет көрсету үшін ашылған.



1973 жылғы қаңтарда облыстық мәдениет басқармасының бұйрығымен кітапханаға «облыстық» мәртебе берілді.

Тек осы кітапханада ғана көру қабілеті нашарлағандарға арналған Қарағанды облысындағы бірегей және жалғыз қор жинақталып, ұқыпты сақталуда. Қорда түрлі нұсқадағы кітаптар бар. Атап айтсақ, үлкейтілген және жалпақ баспа қаріптегі, бедерлі-графикалық құралдар, Брайльдің бедерлі-нүктелі қаріп, аудиокітаптар, тактильді кітаптар.

Кітап қоры жыл санап молайып келеді. Қазір қорда 4 мың дана жалпақ баспа әде-

биеті және 10 мың дана брайльдік кітап бар. Жалпы, қорда 84 мыңнан астам кітап сақталады. Кітапхана қала мен облыстың 5000-ға жуық пайдаланушысына қызмет көрсетеді.

– Мерейтой аясында кітапханада жыл бойына «Кітапханамен құрдас кітаптар» атты кітап көрмесі құрылды. Кітап көрмесі сонау 1969 жылы кітапхана үшін жарық көрген әдебиеттерден тұрады. Көрме 4 бөлімнен тұрады. Бірінші бөлім «Кітап – мәңгі шамшырағы заманның», екінші бөлім «Физика – тұрмыста, өмірде», үшінші бөлім «Колонер – мол өнер», төртінші бөлім «Әдебиеттің түпкі мақсаты – адам жанын тәрбиелеу». Кітапхана қорындағы мұқабасы ескіргенмен тарихи ескірімеген оқырманның жоғалтпаған құнды әдебиеттер кітап көрмесінен орын алды, – дейді зағип пайдаланушыларды абонементтік қамтамасыз ету секторының меңгерушісі Мақпал Жанатқызы.

Кітап – адам өміріндегі ең қажетті құндылық. Ондағы білімді заман талабына сай жүйе арқылы бойымызға сіңіріп, сол арқылы өз-өзімізді тәрбиелей аламыз. Сондықтан, өзім кітапты көп оқимын, кітапхана жанына жақынырақ танысуға шақырамын. Өйткені, мұнда басқа кітапханаларға қарағанда көп кездесе бермейтін кітаптар бар. Оның үстіне, мүмкіндігі шектеулі жандарға ыңғайлы болуы үшін кітапхана мамандары құрылғының көмегімен кітаптарды арнайы қаріппен қайта жазып шығады.

Нұрлана ИБРАГИМОВА,
Ж.Тәшенов атындағы
мектептің
II «А» сынып оқушысы
Сурет ұйымдастырушылардікі

• ӘЛЕУМЕТ

Зейнеткерлер зерікпес үшін

Қарағандыдағы «Белсенді ұзақ өмір сүру» орталығы қарттардың өмір сүру сапасын жақсартуға бағытталған. Зейнеткерлер үшін қолайлы жағдай жасау мақсатындағы белсенді ұзақ өмір сүру орталығының кабинеттері Қарағандыда сәтті жұмыс істеп тұр.

Аяулым СОВЕТ,
«Ortalyq Qazaqstan»

«Белсенді ұзақ өмір сүру» арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету орталығының директоры Саян Жарылғаповтың айтуынша, қазіргі таңда 1 236 қызмет алушы тіркелді. Сандарды салыстырсақ, зейнет жасындағы қала тұрғындары арасында белсенді ұзақ өмір сүру орталығына баруға қызығушылық танытқандар көп.

– Біздің қызмет алушыларға фитмика, гимнастика, йога, «дені сау арқа» фитнес-бағдарламасы, жаттығу залы, скандинавиялық серуендеу жаттығулары ұсынылады. Сондай-ақ, мекемелерде үстел теннисі, тренажер залы, шахмат, би, өзін-өзі қорғау әдістері, тоғызқұмалақ сияқты спорттық-сауықтыру қызметтері бар. Зейнеткерлер домбырада ойнайды, компьютерлік сауаттылығын арттырады. Қажеттілік туындаған жағдайда заңгердің, психологтың кеңесіне жүгінеді. Зейнеткерлер үшін Әділет департаменті өкілдері «Заң бойынша мүлікке мұрагерлік» бойынша және полиция өкілдері «Алаяқтық» тақырыбында семинарлар өткізеді, – дейді «Белсенді ұзақ өмір сүру» орталығының директоры Саян Жарылғапов.

Директордың сөзіне сүйенсек, қарттар мәдени демалыс аясында театр, мұражай, кітапханаларға барады. Жақында қарттар Ақмол ауылындағы АЛЖИР мемориалдық кешеніне әрі Астанаға сапарлап қайтыпты. Бүгінгі таңда Майкүлдіктың «Ару әжелер», «Сәулем-ай» хор ұжымы және «Гармония» би тобы мерекелік іс-шараларға белсенді қатысады. «Сәулем-ай» хоры облыстық «Өнер – өмірім» шығармашылық байқауына қатысып, Алғыс хатпен марапатталған.



Директордың сөзіне сүйенсек, қарттар мәдени демалыс аясында театр, мұражай, кітапханаларға барады. Жақында қарттар Ақмол ауылындағы АЛЖИР мемориалдық кешеніне әрі Астанаға сапарлап қайтыпты. Бүгінгі таңда Майкүлдіктың «Ару әжелер», «Сәулем-ай» хор ұжымы және «Гармония» би тобы мерекелік іс-шараларға белсенді қатысады. «Сәулем-ай» хоры облыстық «Өнер – өмірім» шығармашылық байқауына қатысып, Алғыс хатпен марапатталған.

• ҚАЛҚАН

Сарбаздар сапқа тұрды

Теміртау қаласындағы Ұлттық ұланның 5516 әскери бөлімінде салтанатты түрде әскери ант қабылдау рәсімі өтті. Шараға подполковник Данияр Усербаев және бөлімнің ардагерлер құрамы мен сарбаздардың ата-аналары арнайы қатысты. Сарбаздарға сәттілік тілеп, жылы лебздерін білдірді.

– Сарбаздар, бүгін сапта мет етуге серт берді. Тұрған әрбіреуің үшін жауапты күндердің бірі. Әскери антты ер жігіт өмірінде тек бір-ақ рет елі мен жерің қорғау. Бүгін міне, біздің шақырылым әскери антта.



Қабылдайды, ессесіне антына адал болу – бұл мәңгілікке. Сондықтан, ел қорғаушылар, осы күннен бастап, бөліміміздің қатарында адал да абыройлы қызмет етесіңдер деп сенемін, – деді Данияр Усербаев.

Шара барысында Ұлытау, Атырау, Ақмола, Солтүстік Қазақстан облыстарынан шақырылған 100-ден астам жас сарбаз көпшілік алдында еліне ақтық демі қалғанша абыроймен қыз-рыны қабылдап, Отан қорғаушы атанды. Антымызға адал боламыз, – деді Ұлытау облысынан шақырылған қатардағы Бексұлтан Жөкебаев.

Алияр ДҮЙСЕНБАЙ,
ҚР Ұлттық ұланы Орталық өңірлік қолбасшылығының баспасөз қызметкері

Сурет автордан

• ИМАНДЫЛЫҚ

Құрыш қалада жаңа мешіт салынады

Бұл мәселе кейінгі кезде Жауыртау жамағатына тақырып болып тұр. Бұл «құмаға сыймаған жамағатқа үшінші мешіт салып берсе» деген ел өтінішіне ынталы да қалталы, мүмкіндігі бар жігіттерге құлаққағыс деп есептесек те болатын. Күні кеше Теміртау қаласында тақырып талқыға түсіп, қоғамдық тыңдалым өтті.

Жақсыны үлгі етіп, насихаттау – ләзім іс. Мешітке келушілердің көбеюіне байланысты үшінші мешіт салып берсе дейді жамағат. Аталған мешіттің жұрнағы Бейбітшілік даңғылы 25 «А» мекенжайынан қарастырылмақ.

– Мешіт жамағаттарының да саны артқан. Көпшілік жаңа мешіт Бейбітшілік даңғылындағы 25 «А» мекенжайынан ашу қажет екенін айтып жүр. Бұл іске білек сыбана кірісуге әзір кәсіпкерлер де бар. Бүгінгі таңда осы мекенжай бойынша орын анықталды. Бұл жерде бұрын жанар-жағармай құю станциясы болған. Айналасы бос. Құрылыс жүргізуге қажет жағдайлар бар. Басты талап – көпшіліктің қолдауын және құзырлы органдардың рұқсатын алу, – дейді қалалық мәслихат депутаты Нұрхан Нұрмаханов.

Жаңа мешіттің құрылысына бюджеттен бір тиын да жұмсалмайды. Шығындарды кәсіпкерлер толықтай өз мойындарына алып, жұмысты соңына дейін жеткізбек. Жоспар бойынша, мешіт шағын, 250-300 адамдық болады.

– Жамағаттарымыздың саны артып келеді. Жұма намаздарда мешітке сыймай қалатын кездері де бар. Сондықтан, жаңа мешіт қажет деген пікірдеміз. Әрі оның шағын болғаны да дұрыс. Өйткені, мешіт өз шығындарын толықтай өзі өтейді. Үлкен мешіттің коммуналдық шығындары көп болатынын білесіздер. Ұстап тұру қиын.



Сурет ішкік дерекөзінен

Ал, шағын мешіттер бұл тұрғыдан алғанда тиімді әрі халыққа да қолжетімді, – дейді Жақып Ақбай мешітінің бас имамы Жанболат Қошкелді.

Айтқанының бәрі оң, жазғанының бәрі жөн жамағаттың қоғамдық тыңдалым нәтижесінде мешіт ашу бастамасы бірауыздан қолдау тапты. Жиын хаттамасы мен қатысқан 90 адамның қолы қойылған қағаздар рұқсат алу үшін тиісті мемлекеттік мекемелерге жолданыпты.

Мешіт салғанды қолдаймыз. Тек, қазақы қалып, ұлттық болмыс, үздік үлгі көрсете білсе, мешітіміз жас буынға ұлттық реңк қалыптастыратын мектепке айналса дейміз. Өйткені, намазын қаза қылмайтын жұрттың, ниеті де таза боларына сенеміз, жоқ, білеміз.

Әділет ШОПЕН

ТЕМІРТАУ

• ЖОБА

«Күміс университетке» кім мүдделі?

Еліміздегі «Күміс университет» жобасы 2021 жылдан бері іске асырылуда. Жақында Ғылым және жоғары білім министрлігі жоғары буынға түрлі бағыттар бойынша білім алуға мүмкіндік беретін жобаның әдістемелік ұсынымдарын бекітті.

Аяулым СОВЕТ,
«Ortalyq Qazaqstan»

«Күміс университет» – егде жастағы адамдарға екінші маамдық алуға көмектесетін халықаралық қозғалыс. Оқыту 50 жастан асқан азаматтардың өзін-өзі дамытуына мүмкіндік беріп, қолдауға бағытталған. Бұл модель Франция, Англия, Кытай және Жапония елдерінде 60 жылдан астам уақыт бойы сәтті жұмыс істеп келеді. Қазақстан университеттері «lifelong learning» тұжырымдамасы шеңберінде іске асыруда. Бүгінгі таңда Қазақстанда 32 университет «Күміс университет» бағдарламаларын қолданады. Тыңдаушылар саны 1500 адамнан асады. Күміс университетіндегі курстар цифрлық дағдылар, шет тілдері, кәсіпкерлік, құқық, мәдениет, дін және физикалық белсенділіктен байланысты көптеген салаларды қамтиды.

Бекітілген әдістемелік ұсынымдар еліміздің жоғары оқу орындарына жұмыс жоспарын қалыптастыруға және күміс білім беру бойынша оқытуға мүмкіндік береді. Тізіммен ұлттық жоғары білім беруді дамыту орталығының сайтындағы «Аналитика, өмір бойы білім беру» бөлімінде танысуға болады.

Электрондық пошта:
ortalyk.kaz@mail.ru

43-21-55

Жарнама бөлімінің байланыс телефоны

Бокетов Қарағанды университетінің экономика және заң факультеттері бакалавриат пен магистратураның келесі мамандықтары бойынша мамандар даярлайды:

«Т-кәсіпкерлік және цифрлық экономика», «Математикалық экономика, статистика және деректерді талдау» (информатика + математика), «Экономика», «Менеджмент», «Есеп және аудит», «Қаржы», «Мемлекеттік және жергілікті басқару», «Маркетинг және SMM», «Логистика», «Мемлекеттік аудит», «Әлемдік экономика», «Кәсіпкерлік және жобаларды басқару» (география + математика), «Туризм», «Мейрамхана ісі және қонақ үй бизнесі» (география + шет тілі), «Құқықтану», «Халықаралық құқық», «Сот және прокурорлық қызмет», «Кәсіпкерлік қызметті құқықтық реттеу», «Қылмыстық кірістерді жылытатуға және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл және экономикалық қауіпсіздік», «Мемлекеттік билік және басқару органдарының қызметін құқықтық қамтамасыз ету», «Бизнесті заңдық қамтамасыз ету», «Жеке құқық» (дүниежүзі тарихы + адам, қоғам, құқық). Мем.лицензия: KZ83LAA00018495, «ҚР Білім және ғылым министрлігінің Ғылым және білім саласында сапаны қамтамасыз ету комитеті» 28.07.2020 ж. берген, тел.: 8(712)35-64-05, <https://buketov.edu.kz/>, priemka@ksu.kz

№59

«Осакаров ауданының ішкі саясат бөлімі» ММ-нің басшысы **Валентина Владимировна АБИЛСЕНТОВАНЫҢ** мезгілсіз қайтыс болуына байланысты отбасы мен туған-туыстарына қайғысына ортақтасып көңіл айтамыз. Бұл орны толмас қазада сіздердің қайғыларыңызға шын жүректен ортақтасығымызды білдіргіміз келеді. Бұл – бәріміз үшін мезгілсіз келген қайғы, өкініш... Валентина Владимировна біздер үшін тек басы және әріптес қана емес. Ол – үлгілі ана, мейірімді жан, үлкен жүректі, жаны жайсаң басшы еді. Ауданымыздың дамуына сіңірген зор еңбегі жадымызда мәңгі сақталады.

Осакаров ауданы ішкі саясат бөлімінің және жастар ресурстық орталығының ұжымы

№41

• ЛЕБІЗ

Азаматтарға алғыс айтамыз

Қарқаралы ауданы Темірші ауылдық округінің орталығы Татан ауылында жаңа фельдшерлік-акушерлік пункт ашылды. Заманауи үлгідегі жаңа ғимаратымыздың ашылу салтанатына аудан әкімі Әділжан Аргынов келіп, қуанышымызды бөлісті.

ФАП құрылысын жүргізу құжын тендерге қатысқан ауыл азаматы Руслан Ақшонтаев жеңіп алған еді. Бұл өзі ауылымызға қолдан келген жақсылығын жасап жүрген елгезек азамат, ауыл көшелеріне электр жарығын да тартып берді. Әлеуеті мол Руслан ауылдың Дархан Ақшонтаев, Сайлау Елшібеков, Әнуар Нұрман, Бейімбет Ақшонтаев сияқты жігіттерін жұмылдырып, құрылыс жұмыстарын айналасы төрт айдың ішінде тап-тұйнақтай етіп, ғимаратты дайын етті. Ауылымыз осы құрылысқа негіз болған «Ауылда денсаулық сақтауды жаңғырту» ұлттық жобасы сияқты бастамалардан қалмайды. Сол үшін ауыл әкімі Жасұлан Рахымбековке алғыс айтамыз.

Жаңадан ашылған фельдшерлік-акушерлік ғимаратымызда дәрігерге дейінгі қарау кабинеті, егу, тану бөлмелері, медицина қызметкерлеріне арналған, акушерлік кабинеттер жұмыс істейді. Біздің Темірші округінде тұратын мыңнан астам халық үшін бұл керемет қамқорлық болды. Қазір мұнда терапевт дәрігер Меруерт Кенжеғалиева, акушер Әнел Қор-



дабай, фельдшер Мәкен Райымбекова, тазалықшы Қадия Рахымбаева және мен, медбике Сандуғаш Бедерова, барлығы бес адам қызмет істейміз. Ауыл халқына медициналық қызмет жасауға мүмкіндігіміз де, тәжірибеміз де жеткілікті. Осындай жаңаша жағдайға қол жеткізуімізге септігі тиген жандардың баршасына тағы да үлкен алғысымызды білдіреміз!

Сандуғаш БЕДЕРОВА,
медбике

Татан ауылы,
Қарқаралы ауданы

Суретте:
ауылдық ФАП ұжымы
мердігер Р. Ақшонтаевпен бірге

• ВЕЛОСПОРТ

Қысқы чемпионат өтті

Астана қаласындағы «Сарыарқа» велотрегінде ерлер мен әйелдер, жасөспірімдер арасында Қазақстан Республикасының қысқы Чемпионаты және спринтте, кейінде және топтық түрлерде (15-16 жас аралығындағы ұлдар мен қыздар) республикалық жарыстар болып өтті.

Ерқанат КЕНЕСБЕКҰЛЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Аталған додаларда облыс атынан 19 спортшы қатысып, алты – I орын, 10 – II орын, бес – III орындарды қанжығаларына бөктерді. Олардың қатарында бүгінде елге есімі кеңінен белгілі болып үлгерген Евгений Ковальчук, Илья Қарабутов, Карина Әбдірахманова, Кирилл Курдиди, Ризван Бейсенбаевтай велошабандоздар бар. Бұлар – I орын иегерлері.

Еске салайық, 21-26 ақпан аралығында Ундістандағы Нью-Дели қаласында өтетін тректе велоспорттан Азия Чемпионатына Ұлттық құрама құрамына Қарағанды облысының бес спортшысы – Илья Қарабутов, Кирилл Курдиди, Ризван Бейсенбаев ел намысын қорғайды.

Аймақтың велошабандоздары түрлі ірі сайыстарда жүлделі орыннан көрініп, үнемі мерей тасып жүр. Бұл жолы да асығы алшысынан түскені куәнттады.

Шаһар мерейін асырған кеш

Кенді қаланың көне тарихы туралы небір дерекке толы әңгімелер, тарихи фактілер бұл күнде мұражай мұрағатында сақтаулы. Онда сонау алғашқы көмір бассейнінің салынуы және жұмысы топтың келуімен қала болуға аяқ басқаны бар. Быыл Қарағандының қала мәртебесін алғанына 90 жыл. Айтулы күнге орай, Әлихан Бөкейхан ауданындағы Жаңа Майқұдық мәдениет үйінде «Асыл мекенім – Қарағанды» атты мерекелік концерт өтті.



Жан АМАНТАЙ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Мәдениет үйінің көркемөнерпаздар ұжымы қаламызға арналған туған жер, Отан тақырыбында да әндер шырқады. Патриоттық әндер легі қала халқын ерекше тебіреніске бөледі.

– Әрине, жер кіндігі атанған Қарағанды – ірі қала. Бұл – еліміздің орталығы. Өздеріңізге мәлім шаһар қара алтыныммен танымал. Сондықтан, кеште шырқалған әндер ел мен жерге арналды. Әндерді қаламыздың таңдаулы өнерпаздары шырқады. Жалпы, бұл кештің мақсаты – өндірісі өркендеп, қара алтын қазынасы халқының қажетіне жараған алып шаһар Қарағандының 90 жылдық мерейтойын атап өту. Сонымен қатар, қала тұрғындарына мерекелік көңіл-күй сыйлау, – дейді «Теміржолшылар» мәдениет сарайы директорының Жаңа Майқұдық мәдениет үйі бойынша орынбасары Амангелді Ахметжанов.

Сондай-ақ, кеште Гүлдана Макшона «Қарағанды вальсі» әнін шырқаса, «Нұрби» үлгілі хореографиялық ансамблі бимен сахна әрн кіргізді. Сонымен қатар, «Шахтерлар» халықтық хоры, «Надежда» ардагерлер хоры және мәдениет үйінің көркемөнерпаздары – Ерден Марап, Медет Кәрім өнер көрсетті. Ал, Арайлым Жүкенова, «Content», «Қарқаралы», «Кәусар» тобы, «Қадар» би тобы сынды беделді өнерпаздар қала туған күніне орай арнайы шақырылды. Олар құттықтауларын әуезді әндерімен және мың бұралған билерімен жеткізді.

Сурет ұйымдастырушылардікі

• ФУТБОЛ

Жаңа жартылай қорғаушы

Қарағандылық «Шахтер» футбол клубы грузин елінің жартылай қорғаушысы Имеда Ашортман келісімшарт жасалды. Енді қазақдық аяқпод шебері кеншілер өлкесінің мақтанышына айналған клубтың сапында өнер көрсетіп, намысын қорғайды.

Дерекке сүйенсек, 27 жастағы жартылай қорғаушы бұған дейін Грузияның «Мерани», «Дила», «Колхети», «Цхинвали», «Шукура» клубтарында және әзірбайжандық «Туран» клубтарында өнер көрсеткен. Ашортманың соңғы клубы грузиндік «Телави» болды.

Бір айта кетерлігі, қарағандылық клуб сапында тағы бір грузиялық футболшы өнер көрсетеді. Ол – қорғаушы Антон Торлодава.



• СПОРТТЫҚ ҚҰЗҒА ӨРМЕЛЕУ

Өрмелеушілер – төрте

Жуырда Қарағанды қаласында спорттық өрмелеуден Қазақстан Республикасының Кубогына арналған ел көлеміндегі сайыс өтті. Жеті командадан шамамен 100-ге жуық спортшы қатысқан долада қарағандылықтар екі бағыт бойынша бақ сынап, жеті медаль жеңіп алды.

Құзға жылдам өрмелеу бағытында қыздар арасында I орынды Жоғары спорттық шеберлігі мектебінің тәрбиеленушісі Вероника Плакина, II орынды «Жалын» мектебінен қатысқан Арина Новицкая, III орынды «Жалын» мектебінен Анна Баларшин жеңіп алды. Ерлер арасында Жоғары спорттық шеберлігі мектебінен келген Әлімжан Мырзабековке үшінші орын бұйырды.

Құзға кедергілер арқылы өрмелеуде қыздар арасында «Жалын» мектебінен Полина Андреева топ жарса, аталған мектептен қатысқан Арина Новицкая III сатыдан көрінді.

Ал, ерлер арасынан Жоғары спорттық шеберлігі мектебінен қатысқан Азат Майкотов I орынды бағындырды.

• УШУ-САНЬДА

Қоржында – төрт қола

Өскемен қаласында ушу-санда спорттың өткен ересектер арасындағы бәйгеге Қазақстан Республикасының Кубогы тігілді.

Еліміздің түпкір-түпкірінен 15 команда мүшелері медальдарды сарапқа салды. Кеншілер аймағының намысын Жоғары спорттық шеберлігі мектебінің бес тәрбиеленушісі қорғап, төртеуі олжамен орады.

Атап айтсақ, 48 келі салмақ дәрежесінде Мұхамед Жалғасбай, 52 келі салмақта Мақсат Хасен, 56 келі салмақ бойынша Александр Гневко, ал, 90 келі салмақ дәрежесінде Ернұр Дәкібай сәтті өнер көрсетіп, қола медальді қанағат тұтты.



Дайындаған Жәлел ҚУАНДЫҚҰЛЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»
Суреттер ашық дереккөзден

• МӘДЕНИЕТ ОШАҚТАРЫНДА

Жылнама һәм жәдігер

Қарағанды шаһарының ескі келбеті кімді де болсын елен еткізери сөзсіз. Облыстық тарихи-өлкетану мұражайында Қарағанды көріністері бейнеленген суреттер, сол заманғы қала фотолары көрмеге қойылды. Тек суреттер ғана емес, сонымен қатар, қаланың дамуына үлесі зор құрылысшылар мен кеншілердің портреттері де ұмытылған жоқ. Қара алтынның ордасы атанған қаланы шахталарсыз, кен орындарсыз да елестету мүмкін емес. Сондықтан да, ескі шахталардың макеттері, шахтерлердің арнайы киімдері және жер астында ұстаған шахтер шамдары қала тарихынан сыр шерткендей.

Жан АМАНТАЙ,
«Ortalyq Qazaqstan»


Мұражайға 30 шақты экспонат, 76 фотосурет және 34 құжат қойылған. Жалпы, мұражай 1932 жылы ашылып, алғашында, «политехникалық», деп аталды. Содан соң мұнда Мәскеуден 80-ге жуық шахта макеттері мен басқа да экспонаттар әкелінді. Ал, 1938 жылдан бастап, өлке-тану мұражайына айналды.

– Қарағандыдағы геологиялық жұмыстар өткен ғасырдың жиырмамыншы жылы басталды. Содан кейін біздің өңірге геологтар ағыла бастады. Алғашқы

зауыттар ашылды. Оның ішінде, Қарағанды-Ақмола теміржолы да іске қосылды. Осылайша, дамудың алғашқы кезеңдері басталды. Кейін геологтармен бірге дәрігерлер де келді. Мысалы, Герман Алалыкин, кейіннен ол ҚазКСР-дің еңбек сіңірген дәрігері болды. Ол осы өңірде жұбайы терапевт Ядвига Фридриховнамен алғашқы аурухана ашты. Ал, 1931 жылы шахталық ауылдың орнында жаңа қала құрылысы басталды. 1934 жылы көпқабатты үйлер салынып, сол жылы 10 ақпанда Қарағанды қала мәртебесіне ие болды, – делі мұражайдың ғылыми қызметкері Динара Сәкімбаев.



Суреттер облыс әкімінің сайтынан



Залға тағы кеншілердің алғашқы арнайы киімдері қойылған. Олардың көбісі қапсырма баумен түймелі бешпенттер. Киімдердің матасы да қатты, әрі қимыл-қозғалысқа ыңғайсыз. Десек те, алғашқы кеншілер осы киімдерді киіп, еңбек еткенін жоққа шығара алмаймыз. Шахтер шамдары мен қасқалары да қазіргідей жеңіл емес. Әжептәуір салмақты. Шахта құралдары да ұсынылған. Мысалы, балға, кирка. Мұражай қоры бұл жәдігерлермен 60-жылдары толықтырылған.

• ФЕСТИВАЛЬ

Жұлдыздар жарқыраған күн

Қаланың 90 жылдық мерейтойы ауқымды түрде аталып өтілуде. Соның бірі қала мерейтойы үшін, арнайы ұйымдастырылып «Молодежный» мәдениет үйінде жастар арасында өткен «Қарағанды жұлдыздары» ән фестивалі.



Жан АМАНТАЙ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Фестивальдің мақсаты – қазақстандық патриотизмді қалыптастыру және нығайту, туған қалаға деген мақтаныш сезімі, көркемөнерпаздар шығармашылығын қолдау және дамыту, ұрпақтар сабақтастығы, дарынды авторларды, орындаушыларды анықтау. Байқау шартына сай әр қатысушы «Соло», «Дуэт», «Трио», «Квинтет», «Квартет», «Вокалдық топтар» номинациялары бойынша туған жер, туған өлке, Қарағанды қаласы туралы әндер орындады. Фестиваль шымылдығын республикалық, облыстық байқаулар мен фестивальдердің лауреаты «Росинка» үлгілі хореографиялық би ансамблі «Сүйікті қалам – Қарағанды» композициясымен ашты.

Ал, байқауға «Алмагүл» бөбекжайдың, «Ақжарқын» балабақшасының тәрбиеленушілері, «Қарақат» студиясы мектебінің тәрбиеленушілері, №1 және №3 Балалар өнер мектебінің оқушылары, №18, №25, №66 жалпы орта білім беретін мектептерінің оқушылары, Қарағанды облысы білім басқармасы «Таңшол-

пан» Балаларды қолдау орталығының тәрбиеленушілері қатысты.

Қала мерейтойына орайластыра ұйымдастырылған шара барысында орындалған әрбір ән көрерменнің жүрегінің төрінен орын алды десек, артық емес. Өнерсүйер қауым бұл күні тақырыптық әдемі ән әлеміне саяхаттағандай болды.

Фестивальдің ұйымдастырылып өткізілуіне атсалысқан мекемелерге үлкен алғыс білдіріп, қалалық Қоғамдық кеңес төрағасы, кәсіпкер, сарапшы, Қарағанды қаласы Паралимпиада дзюдо федерациясының президенті, Қарағанды қалалық мәслихатының депутаты Равиль Садыков құттықтау сөз сөйлеп, әлемге аты шығып, дараланған фестиваль қатысушылардың жетекшілеріне салтанатты түрде Алғыс хаттар табыс етті.

Байқауға түскен жас өнерпаздар дипломдармен марапатталып, сонымен бірге «Шахтер даңқы» ескерткіші және Қарағанды қаласының 90 жылдық мерейтойлық логотипі бейнеленген шоколадтар сыйға тартылды.

Сурет ұйымдастырушылардікі

ORTALYQ QAZAQSTAN
Қарағанды облыстық қоғамдық-саяси газеті

Құрылтайшысы: облыс әкімдігі
МЕНШІК ИЕСІ: «Сауатқа Арағат» ЖШС

Директор –
Қайрат Жүнісұлы
ӘБІЛДА

Директордың орынбасары –
Оксана Вячеславовна
МЯГКИХ

Бас редактор –
Е.К. МУСАБЕК
Бас редактордың орынбасары –
Қ.А. АЙТЖАН

Сайт редакторы –
І.Д. МҰҚАЙ
Жауапты хатшы –
Ж.Қ. ШАЛҚАР

Телефондар:
Бас редактор: 43-38-53
Бас редактордың орынбасары: 43-58-08
Интернет-редакция редакторы: 43-38-33
Жауапты хатшы: 43-49-72
Жарнама, факс: 43-57-82, 43-21-55;

Меншікті тілшілер:
Ақтоғай, Шет, Балқаш,
Призерск: 8-702-293-13-70
Қарқаралы, Нұра, Осакаров: 8-777-073-71-13
Теміртау, Саран, Шақтинск, Абай,
Бұқар жырау: 8-775-189-33-19

• Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді.
• Жарнамалар мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді.
• Газетте жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.
• Материалдың жариялану ақысы төленген (R)

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитетінде қайта тіркеуден өтіп, 2020 жылы 15 желтоқсанда № К218ВРУ00030163 куәлігі берілді.
Газет сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері шығады.
Мекенжайымыз: 100009, Қарағанды қ., Әлімжан Ермеков көшесі, №93 үй.

Электрондық пошта: ortalyq.kz@gmail.com; ortalyk.kaz@mail.ru
Жарнама бөлімі: ortalyk.reklama@mail.ru



Газет жеткізілмесе
41-26-82, 43-57-88
телефонына хабарласыңыздар.

«БанкЦентрКредит» АҚ ҚФ
Есеп-шот: kz50826MOKZTD2003131,
БИК KСJВKZKX БИН 000840001412

Таралымы 5 457

№ 18 тапсырыс. Индекс 65484
Оффсеттік басылым. Кәлемі 4 баспа табақ.

Бағасы келісім бойынша
«Типография Арқ» ЖШС баспаханасында басылды.
Қарағанды қ., Сәтбаев к., 15.
Газеттің компьютерлік орталығында теріліп, беттелген.
Кезекші редактор Салтанат ЛИЯШ